

ЗАН

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ЖУРНАЛ

№2 | 2022

ZANMEDIA.KZ

**ЖАСҰЛАН
ЖАҚСЫЛЫҚ**

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
СУДЬЯЛАР ОДАҒЫ
РҚБ АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ
ФИЛИАЛЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

**«АНТҚА
АДАЛДЫҚ -
ТУРА ЖОЛДАН
ТАЙДЫРМАЙДЫ»**

3-БЕТ



ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

№2 | 2022

МЕНШІК ИЕСІ:

«ЗАҢ» Медиа-корпорация»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Редакторлар кеңесінің
төрағасы - директор
Жанахмет АҒЫБАЕВ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

АҒЫБАЕВ А. з.ғ.д.,
профессор

АЛАУХАНОВ Е. з.ғ.д.,
профессор

ӘБДІРАСҰЛОВ Е. з.ғ.д.

ӘБДІРАСҰЛОВ Б. б.ғ.д.,
профессор

БЕКТҰРҒАНОВ Ә. з.ғ.д.,
профессор

ДОСАЛИЕВ Қ. з.ғ.д.

СӘБІКЕНОВ С. з.ғ.д.,
профессор

БОРУБАШЕВ Б. з.ғ.д.
профессор (Қырғызстан)

ТҰРМАҒАНБЕТОВА А.
дінтану магистрі

РЕДАКТОРЫ

Түймегүл ИБАШЕВА

МАЗМҰНЫ

Жасұлан Жақсылық, «Қазақстан Республикасы
Судьялар одағы» РҚБ Атырау облыстық филиалының төрағасы:

«Антқа адалдық – тура жолдан тайдырмайды»

Б. ҒАЛИЕВ

3

Би-ШЕШЕНДЕР ҰЛАҒАТЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ

Д. ӘМІР

10

ЖАСТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

К. АЙТХОЖИН,

Ж. ТАРАП,

Д. ТАРАП,

14

Ұрлықтың қылмыстық-құқықтық және криминалистикалық
сипаттамасы

Р. БАЙЗАКОВА

18

ПАРА МЕН АЛАЯҚТЫҚТЫ АЖЫРАТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ж. ЖАКЕЕВА

22

ДАУ БІТСІН ДЕСЕҢ – ДОСТАС

М. ИДИРИСОВ

27

«NUR OTAN»-НЫҢ ЖАЛАУЫ МЕН ЛОГОТИПІН,
ӘНҰРАНЫН ӨЗГЕРТУ КЕРЕК

А. МӘТІБАЕВА

30

ЕҢБЕК ШАРТЫН БҰЗУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖІКТЕЛУІ

Қ. ТҰРЛЫХАНҚЫЗЫ

33

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕП УӘКІЛДІҢ ҚЫЗМЕТІ

Д. МУКАМЕДЕН

38

БІЗДІҢ АНЫҚТАМА

Жасұман Беріқұлы Жақсылық 1972 жылы 15 қыркүйекте Жамбыл облысы Талас ауданы Ақкөл ауылында дүниеге келді. Б.Алтынсарин атындағы орта мектептің 8-сыныбын бітірді. Қаратау тау-кен құрылыс техникумына түсіп, «техник-құрылысшы» мамандығын алды.

Әскери міндетін Украинада өтеді. Ақкөл ауылында «ТМК-22» мекемесінде құрылысшы, одан кейін Талас халыққа қызмет көрсету бөлімінде инспектор болып жұмыс істеді.

Бұдан соң «Қайнар» университетінің құқықтанушы-заңгер бөлімінде оқып, жоғары білім алды. 15 жыл Талас аудандық сотында, Жамбыл облыстық Әділет департаментінің Талас аудандық бөлімшесінде сот орындаушы, аға сот орындаушы болды.

Білімін тәжірибемен ұштастырып шыңдаған маман 2009 жылы Президент Жарлығымен Талас аудандық сотына судья болып тағайындалды. Бұл сотта 6 жыл сот төрелігін атқарды. Қызметтегі кәсіби біліктілігі жоғары бағаланып, 2015 жылы Атырау қаласының мамандандырылған Әкімшілік сотының төрағасы болды. Бүгінде Жасұман Беріқұлы Атырау қалалық сотының төрағасы әрі Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Атырау облыстық филиалының төрағасы.

Отбасылы, жұбайы Парман Үңіріла Абдрахманқызымен бірге төрт бала тәрбиелеп-өсіруде.



Жасұлан ЖАҚСЫЛЫҚ,
Қазақстан Республикасы Судьялар одағы
РҚБ Атырау облыстық филиалының төрағасы:

«АНТҚА АДАЛДЫҚ – ТУРА ЖОЛДАН ТАЙДЫРМАЙДЫ»

– Жасұлан Берікұлы Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Атырау облыстық филиалы өткен 2021 жылды қалай қорытындылады, бүгінгі сұхбатымызды осыдан бастасақ.

– Жалпы, өткен жыл біздер үшін табыссыз болған жоқ. Республика судьяларының VIII съезімен айқындалған басым міндеттерді насихаттау, сот жүйесін жетілдіруге атсалысу, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы заңнамаларға енгізілген түзетулер мен өзгерістерді дер кезінде жеткізу бағытында біршама жұмыстар тындырылды. Атап айтқанда, осы уақыт аралығында облыс судьяларымен 191 семинар, 65 дөңгелек үстел, 1 тренинг, 15 брифинг өткізілді. «Фейсбук» әлеуметтік желісінде Судьялар одағы филиалының, соттардың парақшалары ашылып, атқарылған жұмыстар туралы ақпараттар салынып отырылды.

Облыстық телеарналардың «Заң қуаты», «Заңгер кеңесі», «Заңға сай» бағдарламаларында 58 судья, 11 маман сұхбат берді. Республикалық басылымдарда 41 судьяның, жергілікті басылымдарда 50 судьяның, 85 маманның құқықтық-танымдық мақалалары жарияланғанын ерекше атап өткен жөн.

Атырау облыстық Ішкі саясат басқар-

масы «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қолдауымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында Атырау қалалық сотында «Интеркультурализмнің басты шарты ретінде азаматтардың заң алдындағы теңдігі» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Судьялар одағы филиалының бастамасымен Аналар және Әкелер кеңестерінің басшыларымен, медиаторлар, дағдарыс орталығының, Ассамблея құрылымдарының мамандары, сарапшылардың қатысуымен «Zoom» платформасында онлайн форматта «Дауды бейбіт жолмен шешу жолдары» тақырыбында өткен семинар да көптің көңілінен шықты деп ойлаймын.

Облыстық соттың төрағасы Бауыржан Жұмағұловтың өзі бас болып облыстың шалғай жатқан аудандарындағы аудандық сот ұжымдарымен, мемлекеттік органдардың басшыларымен, қоғамдық ұйымдардың өкілдерімен және медиаторлармен кездесу өткізді. Кездесу барысында Б.Жұмағұлов Билер кеңесінің жұмысын жоғары бағалады. Дауларды бейбіт жолмен шешу арқылы сот жүйесінің мәртебесін көтеруге қосқан елеулі үлестері үшін Билер кеңесінің мүшелеріне алғыс хаттарды табыс етті.

Судья Ғ.Отарұлы «Әке – жауапты лауазым»



Судьялар одағы филалының мүшелері

атты әкелер мен ұлдар облыстық слетін өткізді. Мұндай шараларға облыстың басқа судьялары да белсене қатысуда.

Облыстық сот төрағасының бастамасымен облыстық сотта Медиа-орталық іске қосылды. Орталықтың жанынан студия ашылып, облыстық соттың судьясы Сағат Хасан халықты толғандырып отырған мәселелерді көтеріп, судьялармен, сот мамандарымен сұхбат өткізіп жүр. Құқықтық-танымдық «Тура би» хабарының кезекті шығарылымында осы студияда жазылды. Облыс соттарымен бейне роликтер түсіріліп, қазақ тілін насихаттау бойынша челленджер ұйымдастырылды.

- Бүкіл саналы өмірлерін сот ісіне арнаған соғыс, сот ардагерлерін ұлықтау, ата-аналарының қамқорлығынан қағылған жетім балаларға, тұрмысы нашар отбасыларға көмек қолын

созу бағытында қандай жұмыстар тындырылды?

- Ардагерлер – біздің алтын қорымыз. Үлкендерді сыйлау, оларға құрмет көрсету – ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан қастерлі салтымыз. Олардың мол өмірлік тәжірибелері мен ақыл-кеңестерінің біз үшін орны бөлек. Бүгінгі бақытты тұрмысымыз үшін олардың алдында мәңгілік қарыздармыз. Сондай қадірлі қарияларымыздың бірі – сот саласының ардагері Шағимардан Дәурешов ағамыз. Атырау қаласының мамандандырылған әкімшілік соты мен Атырау қалалық сотының ұжымы Отан қорғаушылар күні мен Жеңіс күні мерекелері қарсаңында ардагер ағамызды құттықтап, ақ батасын алып қайтты. Сол сияқты, Өтеген Мырзалиев, Сәттіғұл Бекжанов, Мұханбетжан Елеуов, Уағап Досжанов, Қалыш Тілеуғалиева, Жұмағыз Тәжиева, Қалиса



Қазіргі заманғы Каспий жағалауы колледжі басшылығымен өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою сәті

Исмайылова, Жаңыл Мұратова, Бәтима Әшенова, Алевтина Токарьян, Сағитжан Өтеғалиев, Несібелі Әшенова, Санақ Слиханова тағы да басқа ардагер ағаларымыз бен апаларымыздың есімдерін біз әрдайым құрметпен еске аламыз. №2 Атырау қалалық сотында орнатылған Ө.Мырзалиев, С.Бекжанов, М.Елеуов, У.Тұрымов ағаларымыздың мемориалдық тақтасының алдына әрбір мереке сайын ардагерлеріміздің ағайын-туыстары, таныстары, судьялар мен сот қызметкерлері жиналып гүл шоқтарын қойып, тағзым ету игі дәстүрге айналған.

Әріптесіміз, Махамбет аудандық сотының төрағасы Б.Қадырғалиевқа (марқұм) Махамбет ауданының Құрметті азаматы атағы беріліп, аудандық сот ғимаратының қабырғасына ескерткіш тақта орнатылды.

Сол сияқты, сот ардагері С.Жұмалиеваның 70 жас мерейтойы, Жылыой аудандық сотының кеңсе маманы, ұзақ жылдар сот саласында қызмет атқарған Г.Есенованың, Соттар әкімшілігінің маманы А.Кузденгалиеваның, Индер аудандық сотының кеңсе меңгерушісі Г.Егизбаеваның 60 жасқа толу мерейтойлары да аталып өтті.

Тағдырдың жазуымен ата-анасыз өсіп келе жатқан жеткіншектер мен тұрмыстық жағдайлары төмен отбасыларға көмек қолын созу басты парызымыз. Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне орай, Атырау облыстық сотының төрағасы Б.Жұмағұлов және Қазақстан Республикасының Судьялар одағының облыстық филалы мүшелері, соттар әкімшісінің басшысы отбасылық балалар үйлеріне барып бүлдіршіндерді құттықтап,

арнайы сый-сияпаттарын табыстады. Мұндай шаралар облысымыздың барлық соттарында жалғасын тапты.

- Өткен жылы қазақ заңгерлерінің көшбасшысы, ұлағатты ұстаз, академик Салық Зимановтың 100 жылдық мерейтойы республика көлемінде атап өтілді. Даңқты жерлесімізді ұлықтау бағытында қандай шараларды жүзеге асырдыңыздар?

- Дарабоз заңгер, қоғам және мемлекет қайраткері, майдангер, заң ғылымының докторы, профессор Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстанға еңбегі сіңген ғылым қайраткері Салық ағамыз тек Атырау өңірінің емес, бүкіл еліміздің мақтанышы. Қазіргі сот, прокуратура, құқық қорғау сласында жемісті еңбек етіп жүрген елімізге таны-

мал заңгер-тұлғалардың басым бөлігі аяулы ағамыздың алдын көрген шәкірттері. Білікті заңгер маман ретінде ағамыздың тәуелсіздік туын тіккен Қазақстанның халықаралық қарым-қатынастарын заңдастырып, қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беруге, құқықтық-демократиялық реформаларды жүргізуге қаншалықты зор еңбек сіңіргендігін біз бәріміз де жақсы білеміз. Ағамыздың кезінде жарияланбай қалған құқық теориясына, қазақтың дәстүрлі құқықтық мәдениетіне, шариғат заңдарына қатысты ғылыми еңбектерін Атырау облыстық соты жинақтап, сәтін салса көп кешікпей «Арыс» баспасынан шығаруды жоспарлап отырмыз.

Бұл бағыттағы ең үлкен іс-шара ретінде Атырау облыстық сотының төрағасы Б.Жұмағұловтың бастамасымен 2021 жылы 13 желтоқсанда Салық Зимановтың туғанына 100 жылдық мерейтойы Атырауда кең көлемде атап өтілгенін айтуға болады. Атап



Филиалдың балалар үйіне тартуы



Жылыой аудандық соты жаңа ғимаратының ашылу салтанатында

айтқанда Атырау қаласындағы №37 орта мектепке ғалымның аты берілді және қаланың «Нұрсая» ықшам ауданында аллея ашылып, ағамызға ескерткіш орнатылды.

Дара тұлғаның құрметіне ұйымдастырылған шараға еліміздің түкпір-түкпірінен қонақтар, шәкірттері, ғалымның ұрпақтары келді, сот саласының судьялары, қызметкерлері қатысты. Академик Салық Зимановтың 100 жылдығына байланысты халықаралық конференция өткізілді. Академик ағамыздың кіндік қаны тамған Қызылқоға ауданының өлкетану мұражайында арнайы бөлім ашылып, тың жәдігерлермен толықтырылды. Бұның барлығы науқандық шара емес, алдағы уақытта да ол өз жалғасын табатын болады.

- Қазіргі таңда дауларды бейбіт жолмен шешуге Жоғарғы Сот тара-

пынан үлкен көңіл бөлініп отыр. Та- туласу жолымен шешілген істер бо- йынша Атырау облысы Республика көлемінде алдыңғы үштіктің қатары- на кірді. Осы жөнінде не айтар едіңіз?

- Судьялар одағы Атырау облыстық филиалының тарапынан дауды сотқа дейін реттеу, соттан тыс реттеу, медиациялық келісім жасаудың тиімділігін насихаттау бойынша Атырау қаласының орталық көшелеріне орналасқан «ЛЕД» экрандарда филиалдың қолдауымен жасалған «медиацияның тиімділігі» туралы бейнеролик күнделікті көрсетілуде. Бітімгершіліктің тиімділігін насихаттайтын бейне ақпараттар Фейсбук, Инстаграм әлеуметтік желілерінде және «Атырау-Ақпарат», «Gaspian News» телеарналары арқылы жоспарлы түрде насихатталуда.

Облыс көлемінде жұмыс жасайтын медиация орталықтарымен тығыз байланыс орнатылған. Атырау облысы бойынша қалалық сот базасына түскен талап қоюларды медиаторларға жіберіп, олар судья медиаторлармен бірге татуласу рәсімдерін іс қозғалмай тұрып жасауды қолға алды. Бұл жаңашылдық былтыр Нұр-Сұлтан қаласында Медиация институтының құрылғанына 10 жыл толуына сай ұйымдастырылған конференцияда атап өтіліп, басқа өңірлердің медиаторлары тарапынан қызығушылық туғызды.

Филиал кеңесі облыстағы Билер кеңесінің мүшелерін жергілікті атқарушы органға қоғамдық медиатор ретінде тіркелуіне ықпал жасап, құжаттарын жасауға көмектесті. Билер кеңесінің мүшелерімен тұрақты, тығыз байланыс жасау дамыды.

Республикалық деңгейдегі «Ең бақытты ел» қоғамдық қорымен Республикада соттардың ішінде алғашқылары болып байланыс орнаттық. Облыстың аумағындағы қоғамдық медиаторлармен онлайн форматта аталмыш қордың мамандарымен семинар сабақтары өткізіліп, дауды шешу жолдары түсіндірілді. Соттардың өндірісінде қаралып жатқан істер бойынша, тараптарды татуластыру үшін психологтар, медиаторлар тарапынан көмек көрсетулер ұйымдастырылды. Нәтиже көп күттірген жоқ. Облыс соттары бойынша бітімгершілікпен аяқталған істердің үлес салмағы анағұрлым көбейіп, бұл көрсеткіш бойынша республикада алғашқы үштікке іліктік.

– Соттардың беделін көтеру, салауатты өмір салтын насихаттау, спортты дамыту бағытында қандай шараларға ұйтқы болғандықтарыңыз туралы айта кетсеңіз?

– Атырау қалалық сотында «Отбасылық сот» пилоттық жобасы аясында Атырау қалалық соты басшылығы мен Атырау облысы әкімінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі бас инспектор-комиссия хатшысы З.Жалмурзина және «QAZAQSTAN JASTARY» қоғам-

дық бірлестігінің төрағасы А.Хайбулинамен неке құндылығын насихаттауды жаңғырту бойынша өзара ынтымақтастық туралы үш жақты меморандумға қол қойылды. Сондай-ақ, Судьялар одағы Атырау облыстық филиалымен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетімен, Қазіргі заманғы Каспий жағалауы колледжімен екі жақты ынтымақтастық туралы меморандум жасақтап, соған сәйкес Атырау облысының судьялары аталмыш оқу орындарының студенттеріне жүйелі түрде дәріс беріп келеді. Облыстық соттың судьясы Сағат Хасанның бастамасымен және ұйымдастыруымен ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына орай Атырау облысының судьялары мен сот қызметкерлерінің арасында көркем сөз оқу шеберлігінің байқауы өткізілді.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және Судьялар одағының 25 жылдығына орай соттар арасында спорттық турнир өткізілді. Турнирде волейбол, үстел теннисі, шахмат, турникке тартылу басқа да спорт түрлері бойынша сайыстар өтті. Іс-шараны өткізудегі мақсат – салауатты өмір салтын насихаттау, спортты дамыту және қатысушылардың спорттық шеберліктерін көтеру.

Тартысқа толы жарыс барысында команда мүшелері шыңдалған шеберліктері мен ауызбіршіліктерін танытты. Жарыс қорытындысы бойынша жүлдегерлер командалық есеппен анықталып, жеңімпаздарға Судьялар одағы филалының арнайы жүлделері табысталды.

Судьяларымыз бен сот қызметкерлері соттың беделін көтеріп, абыройын арттырудағы мұндай жетістікке анттарына адал, кәсіби біліктілігі жоғары болып, ерен еңбекқорлығы арқасында жетті десем еш асыра айтқандық емес.

– Журналымыздың оқырмандарына мағыналы да, мәнді сұхбат бергеніңіз үшін бек рақмет!

**Сұхбаттасқан
Боранбай ҒАЛИЕВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі**

БИ-ШЕШЕНДЕР ҰЛАҒАТЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ

Қазақтың қанымен біткен, жаратылысындағы бітім болмысына сай келетін даусыз бір өнері - шешендік. Ұшқан құстың қанаты талар қазақтың ұланғайыр сайын даласында туып-өскен сахара перзентін жаратқанның өзі шешендікті қанымен бірге бойына дарытатын секілді. Айдалада қозы соңында жүріп, қиялына ерік беретін жұдырықтай баласына дейін таңдайы тақылдап, суырылып сөйлей жөнеледі. Табиғатпен сырласа жүріп, ойын ұштап, тілін жетілдірген қазақ баласының қиялына ұшы қиырсыз даласы, ұшқан құсы, желмен тербелген көкмайсасы мен боз жусаны, өзен-көлі мен таутасы да серік.



Досжан ӘМІР,
Ақмола облыстық сотының төрағасы

Табиғатпен бірге өсіп, біте қайнасқан, құнарын сезініп, бойына сіңірген, рухани ләззат ала білетін, жаны сүйіп, сырласа білетін қазақ баласының қиялы жүйрік, тілге шешен келуі заңдылық сияқты. Халықтың әлдекім туралы айта қалған-

да «табиғатынан өнерлі», «табиғатынан шешен», «Алла оның табиғатына берген» дейтіні содан болса керек. Яғни, табиғатты – жаратылыс деп қабылдайтын болсақ, мұның мағынасы да айқын болып шыға келеді, табиғаттың жаратылысындай, қа-

заққа да жаратқан иеміз шешендікті жаратылысынан дарытса керек. Заман өте келе, ол қасиет азайып, дәуір ызғары әсер еткен... Екі ғасырдан астам өзге империяның қол астында болған отаршылдық дәуірде өзгелердің үстемдігі жүрді, дегені болды, ешкімге бағынбаған, құлдық ұрмаған асау жұрттың ұрпағы едік, сағымыз сынды, еріксіз жат жұрттың тарихына мойынсұндық, өз өткенімізді ұмытайық деген жоқпыз-ау, ұмыттырды, қасиетті тарихымыз бен салт-дәстүрлеріміз, ата-бабаларымыздың асыл ұлағаты аяқасты болды, арындаған айбарлы жұрттың ұрпағы едік, кеудеміздің басылғаны рас. Өзге жұрттардың өркениетін ең алдымен таныдық, тарихы мен ғылымын оқып өстік, тіпті, сонымен көзімізді ашып, санамызға сіңірдік.

Енді, міне, отыз жылға толған тәуелсіздік шапағаты тиіп, баяу болса да тарихымыздың ақиқатына жақындап келеміз, уақыт өткен сайын бұрын танылмаған шындықтардың беті ашылуда, көмескі кезеңдеріміз айқындала түсуде.

Қазақ баласы өзінде жоқ өнерге ешқашан таласып көрмеген. Ал өнер атаулының үздігі, биік шыңы деуге тұрарлық – шешендік өнеріне таласымыз бар. Жасыратыны жоқ, екі ғасырлық отаршылдық дәуірімізде еуропалық оқу-білім үстемдік құрып келіп, тіпті, ес біліп, етек жаппаған ескі заманнан табиғатымызбен қалыптасқан өнерді де жат-жұрттардың қанжығасына байлап жүріппіз.

Ал қазақ қазақ аталмай тұрып сонау көне замандардағы, ата-бабаларымыздың – сақтар мен ғұндардың дәуірінен бергі талассыз үлкен өнері – шешендігі емес пе еді.

Міне, еуропалықтардың өздері осы ақиқаттың бетін ашып, Орхон-Енисей аңғарларынан табылған ата-бабаларымыздың мұраларындағы Күлтегін, Білге қағандардың қаһармандығымен қоса, шешендігіне, төгілген ақындығына таң қалып, тамсанумен келе жатыр. Бұл өз алдына.

Ал енді сол ежелгі бабалар дәстүрі, өнері қазақ баласында жақсы сақталды, тіпті, қазақ даласы сол құдіретті өнердің сақтаушы

қазыналы құт сандығына айналғандығы басып өткен бел-белестерімізде айшықты таңбаланған.

Бір ғажабы – қазақтың бір әулетінен бірнеше шешендер шығатын жағдай көп болған. Әрі олар шешен болып қана қоймаған, ақыл-парасатқа, даналыққа да кенде болмаған. Мысалы, дана Абайдың айнала-сы, әулеті, өз ұрпағы, ата-бабалары шешендікте дес бермеген, аузымен құсты тістеген жүйріктер болған. Абайдың өзі, әкесі Құнанбай, атасы Өскенбай, арғы аталары Ырғызбай, Кеңгірбай, Әнет баба – бәрі де төгілген шешендер екен. Ал Абайдың өз балалары Ақылбай, Әбіш, Мағауиялар, Шәкәрімдер әрі ақыл-парасат иелері, әрі сұңғыла шешен, әрі ақындар болған. Бір әулеттен осыншама ақыл, сөз иелерінің шығуы – әлемде сирек кездеседі. Шоқанның айналасы да солай. Оның өз әке-шешесі де сөзге жүйрік, әкесі Шыңғыс өте білімдар, зерттеуші адам болған. Ал нағашылары Мұса, Сәдуақас Шормановтардың білімі де, тілі де жоғары болғанын қазақ іші аңыз еткен. Осы қасиеттердің бәрі Шоқанның бойына жиылып, табылып отыр ғой. Ол тек ғалым ғана емес, жан-жақты білімпаздығымен, шешендігімен төңірегін тәнті еткен. Оған келтірер жарқын мысал – Қанжығалы Бөгенбай батырдың ұрпағы әйгілі Саққұлақ шешенмен бала кезінде кездесуі. Сонда жас Шоқан сол кездегі атағы кеңінен танымал шешенмен тең дәрежеде сөйлеседі.

– «Ақсақал біреу жолдан адасса, кімнен ақыл сұрайды?

– Шырағым, көнеден сұрайды – дейді шешен.

– Көне адасса кімнен сұрайды?

– Көне адасса, көргендіден сұрайды.

– Көргенді адасса, кімнен сұрайды?

– Көргенді адасса, көптен сұрайды.

– Көп адасса кімнен мұрайды?

– Көп адасса, көп оқығаннан сұрайды.

– Көп оқыған адасса кімнен сұрайды?

– Көп оқыған көзі шықпай неге адассын!

– Әлгінде ғана Сатыбалдының Жаманқұлына күдіктеніп, оның Үмбеталы жырау туралы дастанын өзің де менен сұрап алған жоқсың ба? – депті шешен.

Осы сұрақ жауаптың өзінен Шоқанның даналыққа ерте жеткендігі, әрі сөз қадірін бала жасынан танығанын көрсетеді. Бұдан аңғаратынымыз – шешендік деген ұғым, әрі кемел даналықтың да дәлелі. Ыбырай Алтынсариннің де айналасы туралы да осыны айтуға болады. Ол тәрбиесін көрген атасы Балқожа аса беделді, би-шешен болған. Қазақ мұндайды «тақыр жерге шөп шықпайды» деп қисындастырады. Немесе, «ат аунаған жерде түк қалады» дейді. Мақал-мәтелдеріміздің өзі от шашырап, халқымыздың шешендігін дәлелдеп тұрғандай. Ол өз алдына бөлек әңгіме. Бұндай мысалдарды қазақтан көптеп келтіруге болады. Жамбыл, Кенен аталарымыздың, Бауыржан Момышұлының да төңірегі шешен, ақын-жазушыларға көп болған. Жиырмамыншы ғасырдың басында тобымен, лек-лек болып шыққан арыстарымыздың баршасы дерлік жақсылардың, даналық иелерінің ұрпақтары. Осының өзі дана халыққа тән белгілер. Ал қай Еуропаның елдерінен, мұндай жарқын мысалдар келтіретін едік? Кешегі кеңес тарихын, әлем елдерінің тарихын оқып өстік, ондай мысалдарды естімеппіз, құлағымыз шалмапты. Жоғарыда би-шешендіктің, даналықтың белгісін қазақта бала жасынан білдіретіндер көп болған. Құнанбай ұлы Абайдың дана, шешен болып туғанын ерте танығаны белгілі. М.Әуезов «Абай жолында» бұған бірнеше мысал келтіреді ғой. Ал сол дана Абайдың өзінің де баласы Әбіш ерте қайтқанына қарамастан сұңғыла білімпаздығын, шешендігін көрсетіп кеткен. Абай оның болашағынан зор үміт күтеді ғой. Абай бірде баласы Әбішті сынамақ болып:

«Қалқам Әбіш, осы дүниеде ақ зат асыл ма, қара зат асыл ма? – деп сұрайды. Әбіш ойланбастан: «ақ зат асыл ғой – деген, Абай күлімдеп: неге қара зат асыл емес пе, – дейді. Әбіш: неге қара зат асыл дейсіз? – деп сұрайды. Абай: – Біріншіден, адам баласы барлық дүниедегі жаратылысты көзбен көреді. Бірақ көздің ағы емес, қарашығы көрмей ме. Екіншіден қағаздың түсі – ақ, бірақ адам одан білім алмайды, ақ қағазға түскен қара сиядан білім алады. Үшінші,

адамның жас шағында сақал-шашы қара болады. Осыдан, адамның жас шағында ақыл-білімі, күш-қайраты көп болады. Қартайғанда, адамның сақал-мұрты ағарады. Адамның күш-қайраты да азаяды, сондықтан да қараны асыл деп ойлаймын.

Оның бәрін қайдан білдіңіз?

Ақылмен білдім.

Олай болса, ақыл мида болмай ма, ал ми ақ зат емес пе? Екіншіден, ақыл-нұр жарық зат. Ал жарық о да аққа ұқсамай ма?» депті Әбіш.

Абай ұлының жауабына сүйсініп, өз сөзінен салмақты жатқанын мойындаған екен. Бұл арада, табан астынан әкесі қойған сұраққа Әбіш мүдірместен осындай ақылды жауап берген.

Жоғарыда атап өткеніміздей, қазаққа – шешендікті жаратылысынан берген. Өйткені, оқымаған, арнайы ешқандай білім алмаған қазақ шешендері кішкене кезінен-ақ саңқылдап тұрған. Мұның, бірінші себебі, көзін ашқаннан шешендік сөздердің нәрін сезініп өскен бала естіген-білгенін құлағына сіңіре береді. Кішкене кезінен жақсы сөзді тыңдап өскен Абай әр сөзді абайлап, тыңдап отырады ғой. Шоқан да, шоқиып отырып кішкене кезінен, әр сөзге құлақ тігіп отырады. Есімдері де соған орай, қойылып отыр. Асыл жаратылыс дегеніміз осы болар. Мұндай мысалдар өте көп.

Тағы бір бұған қосатынымыз – біздің хандар мен сұлтандар, яғни, билеушілерімізге де қойылар басты талаптардың бірі – шешендік болған. Өйткені, билеуші төгілдіріп сөйлеп тұрмаса, сөзін түйіп, шешімді, жинақы етіп жеткізе алмаса, жұртын аузына қарата алмас еді. Керей, Жәнібек хандар да, Қасым хан, Есім хан бертіндегі Әз Тәуке, Абылай хан, Кенесары хандардың бәрі де шешендер болған және ұтымды сөзді бағалай білген, ақын-жырауларын, шешендерін көтермелеп, тіпті, өздеріне ақылшы етіп отырғаны белгілі.

Мұның өзі, әрине, өнегелі жұрттың елдік қырын танытады. Демек, шешендік – тек сөзден сүріндіру, тіл мен жағына сүйену ғана емес, мемлекеттік деңгейдегі салмағы басым адамдар. Әйгілі үш биіміз – Төле би,

Қазыбек би, Әйтеке билердің үшеуі де Әз Тәукенің тұсында заңнамалық тұғырымыз «Жеті Жарғыны» жазуға атсалысқаны өз алдына, хан-сұлтандардың ең жақын ақылшы, көмекшілеріне айналған. Яғни, шешендік асыл қасиеттері зор дәреже, атақ-беделге жеткізіп отыр. Мұны да, әлемдегі сирек кездесетін тәжірибе деуіміз керек.

Сондай-ақ, атақты Жиренше шешен – тарихтағы үлкен тұлға Қасым ханның әкесі Әз Жәнібек ханның ақылшысы, көмекшісі болған. Тіпті, мұны хандық салттағы берік қалыптасқан қағида деуге болады. Тек аталған хандарымыздың әрқайсысының тұсында, олардың жанында тұрып, елдің жағдайын айтатын, халық пен билік арасында дәнекер болып шешендер жүрген. Яғни, ел жағдайы біліктілікпен, парасаттылықпен ұтымды, жинақы, ең бастысы – шешендікпен жеткізілуге тиіс. Олардың да, шешендікпен қоса, ел билейтін, ел жақсысы атанатын көсем қасиеттері ерте танылған.

Әйгілі Шорман Күшікұлы, оның ұрпақтары Мұса мен Сәдуақас Шорманұлдарының шешендігіне қоса, ел билеушілік қасиеттері ерте танылған.

Жоңғар ханы Қалдан Бошақтыны сөзден сүріндірген Әйтеке би сөзімізге нақты дәлел. Жоңғар ханы Әйтеке биді тақымдап, қусырып алмақ оймен: – Мен неше атамнан бері ханмын? – деп сұрағанда, Әйтеке би бөгелместен: – Әкең шынжыр балақ шұбар төс хан болғанмен, негізің құл. Себебі, шешең сені есігіндегі жалшыдан туған. Бермен қарай беттеп келе жатқанда артыңа жалтақтап үш рет қарадың. Арыстан артына қарап ақырмас болар, тексіздігіңді тағы білген себебім; маңдайға біткен сүйікті ханымыз еді деп сіздің жақтың бір де біреуі орныңызға мен барайын деп ілтипат жасаған жоқ, – дейді.

Амалы құрыған Қалдан Бошақты: – Мына астымдағы сымға тартқан күмістей қанатты тұлпарымды сынап берші, – дейді. – Мұның нағыз тұлпарға үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Есекке шатысы бар екен. Тұрпатына, төзімділігіне назар аударыпсың. Құлын кезінде енесі өліп, сарттың саудагері есекке теліген екен. Әлгінде кісінеген кез-

де бақырған есектей дауысын шығарып, екі бүйірін солқылдатып, үні тарғылданып шықты. Ал шынайы тұлпар дауысын қоңыраудай сыңғырлатып, үзілтіп, әсерлі қайырып кісінейді, – дейді. Сонда Қалдан Бошақты қазақ биінің біліктілігіне, темірдей қисынына таң қалған. Ал ол заманда сөзден сүріндіру – елдің үстем түскен жеңісінің бір белгісіндей саналған. Сондай-ақ, Абылай ханның заманында жоғарыдағы Қалдан Бошақтының ұрпағы Қалдан Серенді сүріндірген атқосшы болып барған бала Қазыбек екендігі белгілі. Сол кезде Жоңғария мемлекетінің дүрілдеп тұрғандығын, жоғарыдағы аталмыш екі қонтайшының сол дәуірдегі аса айбынды билеушілер болғандығын ескерсек, біздің би-шешендеріміздің қадір-қасиетін, салмағын мөлшерлеген болар едік. Қазақ Ордасының айбынын асыра түскен билер, тіпті, ел болып сақталып қалуымызға зор ықпал еткендігінің нақты дәлелі – осы. Кейде олардың ел алдындағы зор еңбегіне тереңдеп мән бермейтініміз өкінішті.

Осындай зор ықпалға ие болған би-шешендерімізді өзге елдердің қанжығасына байлап бермей, абыройларын асқақтата түсуіміз қажет сияқты. Сөз соңында айтарымыз, би-шешендеріміздің арасына жік қойып, әр жүз немесе өз жағына тартқылағанымыз өте жағымсыз. Өйткені, бұлардың бәрі ортақ елдік мұрат үшін күрескен, бөлініп-бөлшектенбеген, осыны ескере жүрсек жөн болмақ.

Қазір өркениет дәуірінде өмір сүріп жатқанымызбен, өткен тарихымыздың өнегесінен сабақ алмай, даму, ілгерілеу болмақ емес. Ал өткен тарихымыз дегенде, ең алдымен, ел тізгінін мықтап ұстаған асыл би-шешендеріміздің ұлағаты бірден еске түседі. Бұрынғының биі – әрі заңгер, әрі елдің ұстазы, тәлімгері, әрі бітімгер-дипломат, әрі мемлекет қайраткері, әрі саясаткер, әрі ұрпақтың, тіпті, халықтың тәрбиешісі бола біліп, барлық бағытта ел тағдырына араласты. Осы би-шешендер өнегесі – кейінгі ұрпақ біздерге, әсіресе, бүгінгі заңгерлерге де зор тағылым, басты мұрат-мүддеміз болып қала бермек.

ЖАСТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Отандық құқықтық жүйе мен құқықтану дамуының қазіргі заманғы мәселелері саяси модернизацияның ерекшеліктерін, оның ішінде қолданыстағы құқықтың әлеуметтік дамудағы рөлін, халықтың құқықтық санасын нығайтуды ескермей, мемлекет пен қоғам қызметінің жалпы заңдылықтарынан бөлек шешілмейді. Өйткені, қазақстандық қоғамды кезең-кезеңімен саяси жаңғырту елді демократияландыру мен конституциялық заңдылықты нығайту процестеріне сайма-сай халықтың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетінің түбегейлі өзгеруіне әкеп соқтырмауы мүмкін. Сондықтан, қоғамның құқықтық жүйесі, оның құқықтық санасы мен құқықтық мәдениеті әлеуметтік шындықпен тығыз байланысты, өтпелі қоғамдағы процестерге бейтарап бола алмайтыны анық.



Мұның бәрі қолданыстағы құқықтың елдің әлеуметтік дамуындағы рөлін және онымен байланысты қоғамның құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін нығайту процесін терең түсінуді қажет етеді. Шынында да, Қазақстанда құқықтық мемлекеттілікті қалыптастырудың негізі, ең алдымен, қоғамның өзі құрастыратын және көбейтетін әлеуметтік шындық, рухани шығар-

машылықтың өнімі, адам мен қоғамның өмірлік негіздерінің жасырын әлеуметтік мазмұнының нысаны ретінде құқық болып табылады.

Халықтың құқықтық хабардарлығын арттыру, құқықтық санасын дамыту тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекеттің одан әрі қалыптасуына ықпал ететін азаматтық қоғамды қалыптастырудың маңыз-

ды өлшемдері болып табылады. Тұтастай алғанда, құқықтық тәрбие жұмысының және халықты құқықтық ақпараттандырудың жай-күйі қоғамның құқықтық жүйесі көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

Азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру, құқықтық тәрбие жұмысы мәселелері Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың (2019 ж., 2020 ж., 2021 ж.) жолдауларында белгіленген Қазақстандағы саяси жаңғыртудың ажырамас құрамдас бөлігі болып табылатынын атап өту маңызды.

Елдің 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарының міндеттеріне сәйкес Қазақстанда халықты құқықтық тәрбиелеу және құқықтық ағарту саласында ұзақ мерзімді тұрақты жұмыс жүргізілуде. Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы, сондай-ақ, 2017–2022 жылдар кезеңіне арналған Құқықтық ағарту саласын жетілдіру жөніндегі тұжырымдама қолданылады, оның негізгі мақсаты заңды мінез-құлқымен және азаматтық белсенділігімен ерекшеленетін азаматтардың құқықтық мәдениетінің деңгейін арттыру болып табылады.

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығымен бекітілген 2017–2022 жылдарға арналған құқықтық ағарту саласын жетілдіру жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес оны жүзеге асырудың негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- азаматтарды адамның және азаматтың қолданыстағы құқығы, құқықтары, бостандықтары мен міндеттері туралы біліммен қамтамасыз ету;
- мемлекет пен қоғам арасындағы құқықтық ағарту саласындағы ынтымақтас-тықтың тиімді тетігін құру;
- азаматтардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетінің деңгейін арттыру мүддесінде елдің ғылыми және мәдени әлеуетін пайдалану;
- азаматтарды қоғамның құқықтық жүйесіндегі жоспарланған өзгерістер туралы уақытылы хабардар ету және түсіндіру;
- заңға бағынатын, қазақстандық бірегейлік пен бірлік қағидаттарында тәрбиелен-

ген, елдің стратегиялық мақсаттары төңірегінде топтасқан «Мәңгілік Ел» ұрпағын қалыптастыру.

Құқықтық насихатты қамтамасыз ету жөніндегі міндетті іске асыру мақсатында Әділет министрлігі азаматтардың нормативтік құқықтық актілерге жалпыға бірдей тегін қол жеткізуін қамтамасыз етті. 2011 жылдан бастап Әділет министрлігінің жанында Құқықтық ақпараттық қызмет (бұдан әрі - ҚАҚ) жұмыс істейді, оның негізгі мақсаттары мен міндеттері халыққа құқықтық мәселелер бойынша тегін кеңес беру болып табылады. Сондай-ақ, халықтың құқықтық ақпаратқа қол жеткізуі үшін Әділет министрлігінің ведомстволық сайтында «сұрақтар мен жауаптар» айдары жұмыс істейді. Бұдан басқа, ҚАҚ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің жаршысы» журналында «Құқықтық ақпараттық қызмет кеңес береді» арнайы айдарында мақалалар орналастырылады.

2013 жылғы қаңтардан бастап Әділет министрлігінің ведомстволық сайтында «Әділет» ақпараттық-құқықтық веб-жүйесі жұмыс істейді, оны белсенді пайдалану азаматтардың заңнамаға деген қызығушылығының артуы болып табылады және халықты құқықтық ақпараттандыруға ықпал етеді.

Тұтастай алғанда, құқықтық ағарту саласын жетілдіру жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру мемлекеттік органдар әзірлейтін құқықтық актілердің жобалары бойынша құқықтық ағарту жөніндегі осал топтар үшін үкіметтік емес ұйымдармен іс-шаралар өткізе отырып, кеңінен түсіндіру жұмысы қамтамасыз етілетінін көрсетеді. Ардагерлер, әйелдер, жастар және өзге де үкіметтік емес ұйымдарды және т. б. тарта отырып, азаматтарды құқықтық ағарту жөніндегі әлеуметтік жобалар талқыланып, іске асырылуда. Мемлекеттік органдар бизнес-қоғамдастықпен бірлесіп, азаматтардың әлеуметтік осал санаттарына тегін құқықтық көмек көрсету бойынша қайырымдылық акцияларын өткізеді. Сондай-ақ, мемлекеттік органдардың халықпен заңнама және заң қызметтері туралы хабардар ету бойынша тікелей желілер жүргізу тәжірибесі кеңейуде.

Халық арасында құқықтық тәрбие жұмысын түбегейлі жақсартуға халықтың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін арттыру мәселелері жөніндегі нысаналы индикаторды орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларына енгізу және құқықтық ағартуды ұйымдастыру мәселелері бойынша Мемлекеттік органдардың қызметін бағалаудың рейтингтік жүйесін енгізу ықпал етуге тиіс. Сондай-ақ, құқықтық ағартудың сапасы мен нәтижелілігі және халықтың құқықтық білім деңгейі мәселелері бойынша зерттеулер, оның ішінде халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру жөніндегі бағдарламаларға белгілі бір ұйымдардың тартылу дәрежесі бойынша рейтинг жасау жүргізіледі.

Жастарды құқықтық тәрбиелеу мәселелеріне қатысты айта кету керек, жастардың заңға бағынатын мінез-құлқы «ана сүтімен сіңбейді», ол жүйелі және ұзақ мерзімді құқықтық тәрбие, жастардың құқықтық мәдениетінің тиісті деңгейін қалыптастыру нәтижесінде пайда болады. Сондықтан, ата-аналар мен мұғалімдерге ғана емес, сонымен бірге мемлекет пен азаматтық қоғамның барлық институттарына үлкен жауапкершілік жүктеледі: өйткені, бұл баланың заңға бағынатын азамат болып өсетініне немесе елдің құқықтық өмірінің тағдырына бей-жай қарамайтынына байланысты.

Сонымен бірге, осы уақытқа дейін, біз немқұрайдылықтың, өзіншілдіктің, цинизмнің, агрессияның және құқықтық нормаларға құрметсіздіктің көріністерін, рухани құндылықтардың болмауын көреміз. Сондай-ақ, жастарға мәдениет, білім және өнер институттары тарапынан оң құқықтық ықпал ету азайды.

Құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдардың тәжірибесі көбінесе негізгі күш-жігерді құқық қолдану қызметін жүзеге асыру барысында тікелей құқықтық тәрбиенің нысандары мен әдістеріне жұмылдырудың орнына, олардың негізгі жұмысы құқықтық тәрбие іс-шараларымен механикалық біріктіру жолымен жүреді. Өйткені, ең жоғары нәтижеге тек мұқият ұйымдастырылған құқық қолдану процесі арқылы қол жеткізуге болатындығы белгілі.

Жастардың заңды мінез-құлқын қалып-

тастыруда, әрине, кино, теледидар және елдің лайықты азаматтары маңызды рөл атқарады. Осылайша, құқық қорғау жүйесі қызметкерлерінің ерліктері БАҚ пен кітаптарда көрініс тауып, кино, театр және теледидар қайраткерлері тарапынан лайықты түрде көрсетілуі тиіс. Елдегі белгілі заңгерлер, сөзсіз әлеуметтік беделге ие, құқықтық насихатқа көмектесе алады.

Ілгерілету үшін жоғары оқу орындары мен білім беру ұйымдары оқытушыларының қатысуымен құқықтық ағартудың бірыңғай жүйесін қалыптастыруды ескере отырып, заңды ұстанатын азаматты қалыптастыруға бағытталған құқықтық сауаттылыққа (тренингтер, заң үйірмелерін өткізу арқылы) мектептерде, колледждер мен ЖОО-ларда заң тақырыбы бойынша конференциялар мен дөңгелек үстелдер, құқықтық викториналар және құқықтық бағыттағы өзге де іс-шаралар (пікірталастар, құқықтық тақырып бойынша үздік шығарма жасауға конкурстар, үздік суреттер және т.б.) өткізу қажет. Оқу орындарында құқықтық нормаларды бұзудың барлық жағдайларына төзбеушілік, заңды жауапкершіліктің бұлтартпастығы орнауы тиіс.

Жастардың назарын құқықтың маңызды әлеуметтік құндылығы мен заңды мінез-құлықты қалыптастыру мәселелеріне аудару үшін қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды белсенді пайдалану қажет сияқты. Мәселен, тек Әділет министрлігі, оның аумақтық органдары ғана емес, сондай-ақ, заң жоғары оқу орындары мен колледждері, құқық қорғау ұйымдары желісі бойынша «Интернет» желісінде құқықтық тәрбие мен заңды мінез-құлықты қалыптастыру мәселелеріне арналған сайттар құрған орынды.

Оқушыларға полиция мен басқа да құқық қорғау органдары қызметкерлерінің ерліктерінің жарқын мысалдары қажет екенін ескере отырып, сабақтар мен әңгімелер кезінде құқық пен заңға қызмет етуге байланысты мамандықтар туралы айту керек. Егер сіз студенттерге бандиттер, зорлық-зомбылық, кісі өлтіру туралы фильмдер көрсетсеңіз, заңға бағынатын азаматты тәрбиелеу мүмкін емес екендігі белгілі (әйгілі «Бригада» сериясын есіңізде сақтаңыз). Сондықтан

жастарды мемлекеттің Конституциясы мен құқықтық жүйесіне, еліміздің құқық қорғау органдарының жұмысына және өз халқын ерліктерімен даңқтаған оның жекелеген қызметкерлеріне мақтаныш сезімін ұялату қажет.

Құқықтық ағарту жүйесін мемлекет те, саяси партиялар да, қоғамдық ұйымдар да қалыптастыратындығын ескере отырып, жастарды халық арасында құқықтық тәрбие жұмысына қатысатын әртүрлі жастар құрылымдары мен қоғамдық ұйымдардың қызметіне тартқан жөн. Осылайша, жастардың бойында заңға құрметпен қарауды, белсенді құқықтық өмірлік ұстанымды қалыптастыру қажет.

Мұның бәрі қоғам мен мемлекет алдына қолданыстағы құқықтың құндылығын жалпыға бірдей түсінуге, құқық пен заңның үстемдігін құрметтеуді насихаттауға негізделуі керек жастарды құқықтық тәрбиелеу жүйесін қайта құру бойынша шұғыл шаралар әзірлеу міндетін қояды. Білім және ғылым министрлігі мен Әділет министрлігі оқушылар мен студенттерді құқықтық ағарту және құқықтық тәрбиелеу саласында күш біріктіргені орынды. Мектеп жасына дейінгі кезден бастап үздіксіз құқықтық ағарту мен құқықтық білім беру жүйесін құру мәселелерін ойластыру қажет. Осыған байланысты Өзбекстанда жинақталған құқықтық тәрбие тәжірибесін зерделеуге жүгіну бойынша онда бірнеше жыл бойы орта мектептің бірінші сыныбынан бастап «Конституция әлеміне саяхат» оқу курсы жүргізіліп келеді. Адам құқықтары мен құқықтық ағартудың үлкен оң тәжірибесі Ресейде де жинақталған, онда адам құқықтары саласындағы білім беру мен Ресей Федерациясындағы және Федерация субъектілеріндегі Адам құқықтары жөніндегі уәкілдерден басқа, үш Бүкілресейлік Адам құқықтары институты, Мәскеу, Рязань және Орал адам құқықтары мектептері белсенді түрде айналысады.

Оқу орындарының гуманитарлық және әлеуметтік пәндері бойынша оқу және білім беру бағдарламаларының құқықтық мазмұнын өзектілендіруді ескере отырып, құқықтық ағарту орта, арнаулы орта және жоғары білім беру міндеттерінің арасында

басым рөл атқаруға тиіс. Осыған байланысты мектептердің оқу жоспарларына «Бала құқықтары» атты жаңа пән енгізу қажет, ол оқушыларды өз құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын сақтау және қорғау мәселелеріне байланысты нақты құқықтық жағдайларды зерделеуге бағыттауы тиіс.

Жоғарыда көрсетілгендерге байланысты орта, арнаулы орта және жоғары білім берудің мемлекеттік білім беру стандарттарына «адам құқықтары» оқу пәнін енгізу орынды болып табылады. Бұдан басқа, заң жоғары оқу орындарының құрылымында дербес бөлімшелер – адам құқықтары кафедралары, ғылыми орталықтар және адам құқықтары жөніндегі өзге де құрылымдар жұмыс істеуі тиіс.

Жастарды құқықтық тәрбиелеудің, оның заңды мінез-құлыққа тұрақты бағдарлануын жүйелі қалыптастырудың маңызды мәселелерімен айналысатын барлық ұйымдардың күш-жігерін біріктіру және үйлестіру қажет. Ол үшін нормативтік құқықтық база құрып, жастарда құқықтық сананы қалыптастыру үшін әдістер мен құралдар кешенін әзірлеу керек. Мұның бәрі құқықтық тәрбие еліміздің құқықтық мемлекеттілігін қалыптастырудың тағдырына енуі керек жастарды тәрбиелеудің жалпы жүйесінде шешуші рөл атқаратындығын көрсетеді.

К. АЙТХОЖИН,
з.ғ.д., профессор Д. Қонаев атындағы
ЕЗА Конституциялық, халықаралық
құқық және кеден ісі
кафедрасының меңгерушісі.

Ж. ТАРАП,
з.ғ.м., Д. Қонаев атындағы ЕЗА
Конституциялық, халықаралық
құқық және кеден ісі
кафедрасының аға оқытушысы.

Д. ТАРАП,
з.ғ.м., Д. Қонаев атындағы ЕЗА
азаматтық құқықтық пәндер
кафедрасының оқытушысы,
Қапшағай қалалық сотының судьясы

ҰРЛЫҚТЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 188-бабына сәйкес, ұрлық – бөтен мүлікті жасырын ұрлау[1]. Ұрлықтың объектісі болып меншік табылады. Қарастырылып отырған қылмыс заты ретінде шын мәнінде нақты құндылығы бар материалдық дүние заттары түріндегі бөтен мүліктер жүреді.



Ұрлықты сипаттайтын белгі – ұрлаудың жасырын тәсілі. Жасырын ұрлауды саралау үшін мүлікті алу зат иесімен қатар, оны күзететін немесе басқа да адамдарға белгісіз, көзге түспейтіндей болу керек. Аталмыш қылмыс түрі аяқталды деп кінәлі затты шын мәнінде иемденген кезде емес, ол затты алып білгенінше пайдалану мүмкіндігі болған мезеттен бастап саналады.

Ұрлықтың субъективтік жағын сипаттайтын белгілер қатарына кінә, түрткі (мотив) және қылмыс мақсатын жатқызуға болады. Субъективтік жағынан ұрлық тікелей қасақаналықпен жасалынатын іс-әрекет. Ұрлықты жасай отырып, кінәлі өз қимылдарының заңсыз екендігін және мүлікті жасырын

иемденетіндігін сезінеді. Ұрлықтың қозғамы болып пайдакүнемдік табылады.

Жәбірленуші және басқа адамдарға білдіртпей қимылдауына сенімді болған кінәлі мен мүлікті жасырын қымқыру тәсілі – ұрлықты тонаудан және шабуыл жасап тонаудан ажыратады. Заңсыз біреудің үй-жайына, бөлмесіне немесе басқа да қоймасына кіре отырып ұрлық жасағаны үшін заңда ауырлататын жауаптылық көрсетілген. Осымен ол алаяқтықтан немесе қорқытып алушылықтан ажыратылады.

Бөтен мүлікті ұрлауды тергеу әдістемесіндегі анықтауға жататын жағдайлар:

- ұрлық фактісі болды ма;
- ұрлықты жасау тәсілі;

ұрлықтың жағдайы (уақыты, орны және т. б.);

ұрланған зат нақты кімдікі;

нақты не нәрсе ұрланды (заттарды және олардың белгілерін тыңғылықты түрде суреттеу);

ұрланған заттың құны;

ұрлыққа қатысқан барлық тұлғалардың жеке басы;

егер ұрлық топпен жасалынған болса, онда әрбір топқа қатысушының рөлі;

қылмыстан келген жалпы зиян мөлшері;

ұрлық жасауға итермелеген жағдайлар [2].

Аталмыш қылмыс әртүрлі жерлерде жасалынады. Көбіне ұрлық жасалынатын жерлерге – дүкендер, қоймалар, басқа да құнды және бағалы заттар сақталынатын әртүрлі орындар, азаматтардың пәтерлерінен және қора-аулаларынан, сондай-ақ вокзалда, поезда қол жүктерін, адамдардың көп жиналған жерлерінде (базар, автобус, жәрмеңке сияқты) қалтадан ұрлық жасау жатады.

Ұрлық затына ақша, әшекей заттар, күрделі тұрмыстық техника (телевизор, үн және бейнетаспа, компьютерлер), көлік құралдары, қымбат ыдыстар, коллекциялық заттар, иконалар, көне жазулар және антиквариат және басқаларды жатқызуға болады.

Ұрлық жасаудың негізгі тәсілдері:

1) бөтен мүлікті үй-жайдан ұрлау:

- бұзу арқылы;

- бұзусыз;

2) сенімділікті пайдалану арқылы жасалынатын ұрлықтар:

- үй-жайға кіру арқылы;

- үй-жайға кірмей;

3) үй-жайға кірумен байланысты емес жасалынған ұрлықтар:

- қалтадан ұрлау (соның ішінде сумканы және қалтаны тілу арқылы жасалынғандар);

- маскүнемдердің қалтасынан алып қою;

- чемодан, сумка, велосипед және заттарды ұрлау;

вокзалдағы жүк сақтау автоматты камераларынан ұрлау;

автокөліктерден ұрлық жасау.

Ұрылар үй-жайға құлыпты, есікті, терезені бұзу немесе қабырғаны төбесін, еденін қирату арқылы енеді. Құлыптар қираты-

лады немесе желбезекті кілт (отмычка) не таңдалған кілтпен ашылады. Есіктің өзін көсігінен ұрып шығарады, есіктегі құлыптарды қылмыскерлер кесіп алады немесе жабу механизімін теседі; терезелерді сындырады немесе кесіп алады (пластырь көмегімен); кірпіштен жасалған қабырғаларды дөрекі балға (кувалда), шлямбурмен жарып кіреді. Қалтаға түсу екі тәсілмен жасалынады: қандай да бір затпен бүркемеленіп немесе ондай затсыз сығылысқан кезде.

Ұрылардың бүркемелеу заттары ретінде емшектегі баланы, гүлшоқтарын, кішкентай иттерді, мысықтарды пайдаланғандығын тәжірибеде байқауға болады. Ұрлықтың жасалу тәсілін анықтау оны әшкерелеу үшін елеулі болып келеді.

Тергеуді жоспарлау:

Осындай санаттағы істер бойынша типтік болжамдардың үш түрі болады: а) ұрлық шындығында да болған; ә) ұрлық болмаған, арыз жасаушы арам ниетсіз жаңылысқан (құлыпты бұзақылар сындырып, мүлікті үй иелеріне айтпай, олардың туысқандары басқа жерге көшірген және т. б.); б) ұрлықты жасағансу.

Қылмыстық іс қозғауға қажетті және тергеудің алғашқы кезеңін жоспарлау үшін керек түпнұсқалы мәліметтер мыналар:

мемлекеттік, қоғамдық және басқа да жалпы мүлікті ұрлау жөнінде лауазымнан, объект басшысынан немесе ұрлық фактісін тікелей тапқан тұлғадан келіп түскен хабар. Арыз жасаушыдан жауап алу, оқиға болған жерді қарау, куәлардан, соның ішінде объектіні күзеткен қызметкерлерден жауап алу жоспарланады. Кінәлілерді және ұрланған мүлікті іздеу және анықтауға қатысты жедел іздестірушілік шаралары да алдын ала қарастырылады;

үй иесінің немесе басқа да тұлғалардың пәтерден ұрлық жасалғандығы туралы арыз беруі. Арыз жасаушыдан (жәбірленушіден) жауап алу, оқиға болған жерді қарау, куәлардан жауап алу, қылмыс және қылмыскер іздерін сараптамалық зерттеуден өткізу, іздеу салу шараларын жүргізу бойынша жоспар алдын ала қарастырылады;

сапар кезінде қол жүгі ұрланғандығы жайлы жолаушыдан келіп түскен арыз. Арыз жа-

саушыдан жауап алу, куәларды анықтау және олардан жауап алу, көлік құралы қызметкерлерінен (жол серік автобус жүргізуші және басқалар) жауап алу, іздеу салу шараларын іске асыру жоспарланады;

көлік құралы ұрланғандығы жайлы иесінен келіп түскен арыз. Ұрлықты анықтау жағдайлары, ұрланған көлік құралының белгілері туралы арызданушыдан жауап алу, оқиға болған жерді қарау (тұрақ, гараж), куәгерлерден жауап алу жоспарланады;

анықтаған сәттен бастап, қалтаға түсу жайлы арыз жасау. Ұрлық заты, оны анықтау жағдайлары бойынша арыз берушіден жауап алу, кінәліге іздеу салу, кейде жәбірленушінің өзінің қатысуымен;

анықтау органының ынтасымен (оперативтік деректер негізінде). Тергеу жоспары жедел іздестірушілік шараларымен ұштастырылады;

қылмыскерді ұрлық үстінде немесе жасағаннан кейін бірден ұстау. Ұсталғаннан жауап алу, жеке басын және үй-жайын тінту жоспарланады [3].

«Үй-жайға ену» сияқты біліктілік белгісінің және мұндай ұрлық үй-жайға ену арқылы жасалумен байланысты азаматтардың жеке мүліктерін ұрлаудың біліктілігінің басқа мәселелерінің пайда болу тарихын қысқаша қараймыз.

Басқа мемлекеттердің заңнамасының дамуының оң тәжірбиесін пайдалана отыра заң шығарушы жоғарыда керсетілген біліктілік белгісін басқаша қалыптастырады. Біріншіден, «үй-жайға ену түсінігі» заңнамада қолданылып жүрген (бұрынғы кеңестік республикалардың заңнамасымен салыстырғанда) «үй - жайға ену» түсінігімен салыстырғанда кең ұғымды білдіреді. Екіншіден, осы біліктілік белгісінің орны өте жақсы шешілген: ол өте қауіпті рецидивистпен бір нормаға біріктірілмеген.

ҚР ҚК 188-бабының бірінші тармағында ұрлық былай сипатталған: ұрлық бұл бөтен біреудің мүлкін жасырын ұрлау.

Заң ұрлықты «жасырын ұрлау» деп анықтайды. Ұрлықтың қымқырудың басқа нысандарынан басты ерекшелігі мүлікті алу және иелену әдісінде. Бұл ұрлық туралы көпшілік қабылдаған анықтамаға дәлірек кел-

летін жасырын әдіс ретінде сипатталады.

«Ұрлау» етістігі «жасырын», «тығым» қимылдау дегенді білдіреді. Жасырын ұрлық мүлік тиесілі меншік иесінің келісімінсіз, одан тасалау арқылы мүлікті иемдену болып табылады.

Жай пәтер тонау немесе өндірістік ғимаратқа, кеңсеге, қоймаға заңға қарсы кіру соған мысал бола алады. Ұрлық иесінің көзінше де жасала береді, мысалы қалта тонау. Ұрлық жәбірленушіден оның дәрменсіздігін пайдалана отырып немесе ес-түссіз жатқандығын пайдалана отырып мүлкін иелену боп табылады.

Ұрлық бөтен адамдардың көзінше де жасала береді, өйткені олар ұрының іс-әрекетінің заңсыздығын аңғармауы да мүмкін. Ұры мүліктерге өзі ие екендігін көрсете білсе сырт адамдар ешнәрсе сезбей қалады.

Ұрлықты ашық түрде жасалатын тонаудан жекелеп алған дұрыс. Егер қылмыскер ұрлықты құпия жасадым деп қате есептесе, яғни онда қылмыс көпшіліктің көзінше жасалған, ал жәбірленуші бәрін көрсе, онда жасалған әрекет оны пиғылына орай ұрлық ретінде қабылдану керек.

Ұрлық – зорлықсыз жасалған қылмысқа жатады. Сондықтан, оның әрекетін бақылау мүмкіндігінен күштеу арқылы айырылған (есінен танған, басқа бөлмеге қамалған) тұлғаның мүлкін иеленуді көрсетілген зорлықтың сипатына орай біліктеу (саралау) қажет.

Енді талан-тараждың не екенін қарастырайық. Жымқырудың астары ҚР ҚК баптары бойынша бөтен біреудің мүлкінің осы мүлік иесіне зиян келтіріле отырып құқыққа қарсы, қайтарымсыз ашкөздік мақсатпен алынуы түсіндіріледі.

Алу дегеніміз меншік иесінің немесе басқа заңды иесінің мүлігін кінәлі тараптың іс жүзінде иеленуі.

Бөтен мүлікті өз кәдесіне жарату дегеніміз кінәлінің заңсыз алған мүліктерді иеленіп, жұмсау болып табылады.

Қымқыраудың ең маңызды екі белгісін қарастырайық – бұл заңға қарсылық пен қайтарымсыздық[4].

Бөтен мүлікті алудың заңсыздығы мен өз пайдасына жаратуы, кінәлінің ол мүлік-

терді иесінің немесе заңды қожайынының келісімінсіз іс жүзінде иемденуі.

Мүлікті қымқырған адам оны иемденсе де, пайдаланса да өз меншігі сияқты бәрібір заңдық тұрғыдан меншік иесі боп табыла алмайды. Қымқыру, меншік иесінің қымқырылған мүлікке деген құқығының жоғалғанын білдірмейді. Заңдылығы субъектімен дауға түсіп жатқан мүлікті алу қымқыруды қалыптастырмайды. Мұндай іс-әрекеттер мысалы өз бетімен басқару сияқты басқа қылмыстар үшін жауапкершілікке тартқызуы мүмкін.

Бөтен мүлікті алудың қайтарымысыздығын егерде кінәлі оны тегін иеленсе орнына ештеңе бермесе (мысалы тауардың бағасын заңсыз төмендету) сонда байқауға болады.

Бөтен мүлікті алудың қайтарымысыздығы меншік иесіне немесе мүліктік зиянның басқа иесіне тиетіндей қоғамдық қауіпті салдардың пайда болғанын білдіреді.

Әрі қарай ұрлық ұғымына кіретін «бөтен мүлік» сөз тіркесін қарастырамыз.

Қымқыруды жүзеге асырғанда бөтен мүлікті иемдену оны меншік иесінен (немесе басқа біреудің күзетіндегі мүлік) алуды білдіреді. Егер мүлік белгілі бір себептермен меншік иесінің қарамағынан шығып қалса ондай затты иемдену қымқыру болып есептелмейді. Тауып алғанды немесе кінәліде кездейсоқ болған мүлікті иелену қылмыс

ретінде қарастырылмайды. Меншік иесінің қарамағындағы деп тек қана арнайы қозғалатын, жасырылған мүлік қана емес, оның шаруашылық аумағындағы уақытша қарасыз қалған меншік иесімен жоғалтылмаған мүлік саналады.

Қымқыруды анықтаудағы басты түсініктердің бірі мүлік анықтамасы. Меншікке қатысты қылмыстық мүліктік қылмыстар қатарына жатқызылуы тегіннен тегін емес. Мүлік, қымқыру заты болып табылады, оны мүліктің қоғамдық қатынастар объектісінен айыра білген жөн. Қымқыру заты әркез материалдық әлемнің бөлшегі болып табылады, яғни, заттық белгісіне ие. Идеялар, көзқарастар, адам зердесінің көріністері мүліктік қылмыстағыдай қымқыру заты болып табыла алмайды. Интеллектуалдық меншіктің қымқырылуы туралы бейнелік мағынада ғана, мысалы авторлық құқықтың бұзылуы сияқты айтуға болады.

Электр немесе жылу энергиялары (заттық белгісінің жоқтығынан қымқыру заты болып табыла алмайды. Қымқыру заты өзінің шынайы жағдайына байланысты табиғи байлықтар да бола алмайды[5].

Раушан БАЙЗАКОВА,
Қазақ Ұлттық Аграрлық зерттеу
университеті «Құқық» кафедрасының
аға оқытушысы

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Алматы, 2016ж
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық істер жүргізу кодексі. Алматы, «Жеті жарғы», 2020ж
3. А.Н. Ағыбаев. Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім. - Алматы: «Жеті жарғы», 2007.-584б.
4. А.Н. Васильев. Осмотр места происшествия. М:Изво Моск. Ун-та, 1980.
5. Нұрғалиев Б.М., Арыстанбеков М.А., Шакенов А.О. Криминалистика. Оқу құралы. - Қарағанды, 2006.

АНДАТПА. Қылмыскерлер мен қылмыстық топтың көбісі ұрлық объектісін таңдауда ол туралы ақпарат жинайды, бақылау жүргізеді, арнайы құралдар дайындайды. Қылмыс жасау үшін ыңғайлы уақытты белгілейді.

АННОТАЦИЯ. Большинство преступников и преступных групп при выборе объекта хищения собирают информацию о нем, ведут наблюдение, готовят специальные средства. Устанавливает удобное время для совершения преступления.

ANNOTATION. Many criminals and criminal groups, when choosing an object of theft, collect information about it, conduct surveillance, and prepare special tools. Sets a favorable time for committing a crime.

ПАРА мен АЛАЯҚТЫҚТЫ АЖЫРАТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қылмыстық заңнамадағы пара алу және алаяқтық мәселелерін ажырату ерекшеліктері, яғни, пара алу –



мемлекеттік қызмет және басқару мүдделерінен, ал алаяқтық – меншіктен тұрады. Сондай-ақ, алаяқтық қылмыстарын жасаушы алдау және сенімді теріс пайдалану жолымен мүлікке ие болуды көздейді.

Алаяқтық қылмыстары бойынша құрамның субъектісі – 16 жастан басталатын кез келген тұлға, ал пара алу кезінде – мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті, оған теңестірілген немесе лауазымды тұлға. Пара алу немесе беру кезінде делдал мен сыбайластың айырмашылығы, делдал екі тараппен, ал сыбайласы тек қана біреуімен жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін 189 (3-бөлігінің 2) тармағында), 190 (3-бөлігінің 2) тармағында), 218 (3-бөлігінің

1) тармағында), 234 (3-бөлігінің 1) тармағында), 249 (3-бөлігінің 2) тармағында), 361, 362 (4-бөлігінің 3) тармағында), 364, 365, 366, 367, 368, 369, 370, 450, 451 (2-бөлігінің 2) тармағында) және 452-баптары бойынша іс-әрекеттерге жауапкершілік көзделген.

ҚК-нің 366-бабы бойынша пара алғанда және 367-бапқа сәйкес, пара берген де қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Кодекстің «Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» деп аталатын 6-тарауында сыбайлас жемқорлыққа екі қылмыс жатқызылған. Атап айтқанда, «сеніп тапсы-

рылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу» (ҚР ҚК 189-бабы) және «алаяқтық» (ҚР ҚК 190-бабының 3-бөлігі 2-тармағы). Екі жағдайда да сыбайлас жемқорлық қылмыс құрамы үшін: «мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам не лауазымды адам не жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам жасаған алаяқтық, егер ол өзінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса» деген міндетті саралау белгісі бар.

Кодекстің «Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар» деген 8-тарауында сыбайлас жемқорлық қылмыс құрамы үшін «мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам не лауазымды адам не жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам жасаған алаяқтық, егер ол өзінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса» деген міндетті саралау белгісі бар.

«Халық денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» деп аталатын 11-тарауда сыбайлас жемқорлыққа бір қылмыс жатқызылған: «мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам не лауазымды адам не жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам өзі немесе сенім білдірген адам арқылы заңда белгіленген тыйым салуға қарамастан жасаған іс-әрекеттер, егер бұл іс-әрекеттер мұндай қызметте жеңілдіктер мен артықшылықтар берумен немесе өзге нысандағы жақтаушылығымен байланысты болса» (ҚР ҚК 307-бабы 3-бөлігі 3-тармағы).

«Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар» деп аталатын 15-тарауында 11 қылмыс құрамының 9-ы сыбайлас жемқорлыққа жатқызылған. Бұл тарауда сыбайлас жемқорлық қылмысқа Қылмыстық кодекстің 363-бабында «Лауазымды адамның өкілеттіктерін иемденіп алу» және 371-бабында «Салғырттық» көзделген қылмыстар жатқызылмайды.

Ал, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң – сыбайлас жемқор-

лыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған. Аталған заңның мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекеттік міндеттерді атқаратын лауазымды және басқа да адамдардың сондай-ақ, оларға теңестірілген адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз ету. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, жауаптылықтың пайда болу жағдайларын белгілейді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы сол сияқты демократиялық негіздерді, мемлекетті басқарудағы жариялылық пен бақылауды кеңейтуге, халықтың мемлекет пен оның құрылымдарына деген сенімін нығайтуға, білікті мамандарды мемлекеттік қызметке кіруге ынталандыруға, мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың риясыз адалдығы үшін жағдайлар жасауға да бағытталған. Бұл заң – билік басындағы лауазым иелерінің қызмет бабын жеке басының мақсаттарына пайдалануына, келеңсіз әрекеттеріне тосқауыл қою болып табылады.

Сонымен қатар, аталған заңның 24-бабы 3-тармағына сәйкес, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де жолмен жәрдемдесетін адамдарға біржолғы ақшалай сыйақы түрінде жүзеге асырылатын көтермелеу белгіленген.

Жалпы жемқорлық – қызметтік лауазымды пайдалана отырып, оны жеке мүддеге пайдалану. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік басқару жүйесін бұзып, экономиканың дамуына шектеу қояды. Сыбайлас жемқорлық – заңда қарастырылмаған жеке немесе

дәнекерлер арқылы мүліктік игілікке және мемлекеттік функцияларды атқаратын басымды тұлғалардың, оларға теңестірілген тұлғалардың, лауазымдық дәрежелерін, лауазымының мүмкіндіктерін өз мүддесіне қолдана отырып мүліктік табыс алу үшін жасалынатын қадамдар.

Мысалы, Қызылорда қаласының №2 сотында сотталушы Ж.-ға қатысты ҚК-нің 366-бабы 1-бөлігімен қылмыстық іс қаралды. Сотталушы Ж. Қызылорда облысының Полиция департаментінің бастығының бұйрығымен Қызылорда қалалық Полиция басқармасының тергеу бөлімінің жеке тұлғаға қарсы қылмыстарды тергеу тобының тергеушісі лауазымына тағайындалып, полиция аға лейтенанты арнайы атағы берілген.

Сотталушы Ж. азамат Б.-ның арызы бойынша Қызылорда қалалық Полиция басқармасының сотқа дейінгі тергеп-тексерудің біріңғай тізілімен ҚК-нің 293-бабы 2-бөлігінің 1-тармағымен тіркелген қылмыстық істі өз өндірісіне қабылдап алған.

Содан кейін, сыбайлас жемқорлық сипатындағы қылмыстық құқық бұзушылықты өзінің лауазымдық өкілеттігі шегінде лауазымдық міндеті мен қызметтік беделін теріс ниетте, өзінің жеке бас мүдделік талаптарын қанағаттандыру мақсатында пайдалану ойы туындаған. Осыдан соң Ж. өндірісіндегі Қылмыстық кодекстің 293-бабы 2-бөлігінің 1-тармағымен күдікті ретінде танылған С.-ның ұялы телефонына хабарласып, сол күні Қызылорда қалалық Полиция басқармасына келуін сұраған.

Әрі қарай, Ж. сол күні Қызылорда қалалық Полиция басқармасының ғимаратының алдында С.-мен кездесіп, әңгіме арасында қалтасындағы ұялы телефонымен 200 000 теңгені көрсетіп, егерде сомманы берген жағдайда Қылмыстық кодекстің 293-бабы 2-бөлігінің 1-тармағымен қозғалған қылмыстық істі сотқа жолдамай қысқартатынын айтқан.

Қызылорда қалалық Полиция басқармасының тергеу бөлімінің қызметтік бөлмесіне С.-ны кіргізіп, алдын ала талап еткен 200 000 теңгенің бір бөлігі ретінде 50 000 теңгесін алған.

Ж. өзінің қылмыстық құқық бұзушылығын ақырына дейін жеткізу мақсатында Қызылорда қаласы, Абай даңғылы бойында С.-мен кездесіп, алдын ала талап еткен 200 000 теңгенің бір бөлігі ретінде 50 000 теңгесін алған кезінде Қызылорда облысының Полиция департаментінің Өзіндік қауіпсіздік басқармасының қызметкерлерімен құрықталып, айғақ зат ретінде 50 000 теңге алынған.

Осылайша Ж. мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген лауазымды адам бола тұра, пара берушінің пайдасына жасаған өзінің қызметтік өкілеттіктеріне кіретін әрекеті үшін ақша түрінде жеке өзі пара алып, Қылмыстық кодекстің 366-бабы 1-бөлігінде көрсетілген сыбайлас жемқорлық сипатындағы орта санаттағы қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған.

Басты сот талқылауында сотталушы Ж. өзіне тағылған айыпты толығымен мойындап, жәбірленуші С.-дан қылмыстық істі қысқарту үшін пара ретінде 200 000 теңге пара сұрағандығы рас екендігін, жас отбасы екендігін, қарт анасы барын ескеріп, өкініп, жеңіл жаза тағайындауды сұрады.

Сот үкімімен сотталушы Ж. ҚК-нің 366-бабы 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, оны мемлекеттік қызметте, судья қызметін, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде және оның ведомстволарында, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органда, мемлекеттік ұйымдарда және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде лауазымдарды атқаруға өмір бойына айырыла отырып, 1 жыл 3 ай мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

Алаяқтық – жәбірленушілердің сенімдеріне кіру арқылы бөтеннің мүлкіне қол сұғып, залал келтіру. Алаяқтар көбінесе адамды алдап, сол арқылы өзіне ақша, мүлік, басқадай нәрселерді ерікті түрде бергізеді. Олар басқа қылмыскерлерге ұқсамайды. Алаяқтар өтірікті шындай етіп соғатын айлакер, таза әрі әдемі киінетін, асықпай сөйлеп, адамның көзіне тура қарап, барынша сенім тудырады. Сотқа түскен істер көрсеткендей, алаяқтар

қысқа мерзімде пайызсыз несие алып берем немесе тұрғын үйдің кезегін жақындатамын деп үйіп-төгіп уаделер беріп, орындауға сөз береді.

Қазақстанда алаяқтық үшін Қылмыстық кодекстің 190-бабына сәйкес жауапқа тартылып, ең жоғарғы жаза он жылға дейін бас бостандығынан айырылады. Сондай-ақ, кодекстің 190-бабы 4-бөлігіне сәйкес қылмыстық топ жасаған, аса ірі мөлшерде жасалған алаяқтық үшін сотталушының мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып немесе онсыз, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы белгіленген. Осыдан көріп тұрғанымыздай, алаяқтарға берілген жазаны жеңіл деп айта алмаймыз.

Мәселен, Қызылорда қаласының № 2 сотында сотталушы М. өзінің алаяқтық іс-әрекетінен бейхабар Ж.-ға хабарласып, кезектен тыс пәтер алып беремін деп 700 000 теңге ақша соммасын қолма-қол алып, бас пайдасына жаратқан. Әрі қарай, жәбірленуші М. А.-мен кездесіп, пәтер алып беретіндігін айтып, сол уақытта 400 000 теңге ақшасын, кейін тағы да 100 000 теңге ақшаны қолма-қол санап алып, бас пайдасына жаратқан.

Әрі қарайда 4 адамға қатысты кезектен тыс пәтер алып беремін деп бірнеше рет ақша қаражаттарын алып, бас пайдасына жаратқан.

Сот процесі барысында жәбірленушілер сотталушыдан ақшаларын өндіріп беруді талап ететіндіктерін, заң шеңберінде тиісті жаза қолдануды сұрайтындықтарын айтып көрсеткен. Сотталушы М.-ның қылмыстық іс-әрекеті ҚК-нің 190-бабы 3-бөлігінің 4-тармағымен сараланған, себебі, бірнеше рет алдау, сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікті жымқырып, алаяқтық жасаған.

Сот үкімімен сотталушы М. ҚК-нің 190-бабы 3-бөлігінің 4-тармағымен кінәлі деп танылып, оған 3 жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған. ҚК-нің 58-бабы 3,6-бөліктерінің талаптарымен Қызылорда қалалық №2 соттың 29.07.2020 жылғы үкімімен тағайындалған жазаны онша қатаң

емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сiңіру арқылы, түпкілікті 3 жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

Ал, басқа да алаяқтық қылмыстар бойынша айтатын болсақ, мысалы, Қызылорда қаласының №2 сотында қаралған ҚК-нің 190-бабының 3-бөлігінің 1)-тармағында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған деген айыппен сотқа берілген азаматша Ө.-ге қатысты қылмыстық істі айтуға болады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органымен сотталушы Ө. 2018 жылдың мамыр айында өзінің танысы жәбірленуші Г.-мен кездесіп сөйлескен. Әңгіме барысында Ө. соңғыға өзінің бір шама қарыздары бар екендігін, қаржылық тапшылықта жүргендігін айтып, өз кезегінде «Тұрғын үй құрылыс жинақ» банкісінде несиеде кепілде тұрған пәтерін 7 000 000 теңгеге сатқысы келетіндігін айтқанын, жәбірленуші Г. сотталушы Ө.-ның әңгімесіне қызығушылық танытып, мән-жайды толығымен сұраған.

Осыдан кейін сотталушы Ө. мен жәбірленуші Г. екеуі ақшаны бөліп беретін болып өзара келісімге келген.

7 қыркүйек 2018 жылы жәбірленуші Г. сотталушы Ө.-мен нотариус алдында кездесіп, келісімдері бойынша пәтерге тиесілі 1 000 000 берген, 2018 жылдың қыркүйек айының аяғында 1 000 000 теңге, 2018 жылдың қараша айының орта кезінде 1 000 000 теңге, 2018 жылдың желтоқсан айының басында 200 000 теңге, 2018 жылдың желтоқсан айының аяғында 300 000 теңге барлығы 3 500 000 теңге ақшасын қолма-қол берген.

Мұнан соң, Ө. жәбірленуші Г.-ге «келісім бойынша 7 000 000 теңге нотариус арқылы пәтер ақысы ретінде алғандығы туралы қолхат рәсімдейік, қалған 3 500 000 теңгесін сосын берерсің» деп айтқан. Содан соң, Ө. жәбірленуші Г.-ден пәтер ақысы ретінде 7 000 000 теңгесін алғандығы туралы 7 қыркүйек 2018 жылы нотариус Б.-мен реестрде тіркелген тараптар арасында қолхат рәсімделген.

Басты сотталқылауында сотталушы Ө. сотта берген жауабында 2003 жылдан бері Г.-ны танытындығын, бір-біріне өкіл апалы-сіңілі болып араласқандарын, Г.-дан бірнеше рет

қарыз алғандығын, қарыздары көп екендігін, қарыздарын қайтара алмаған жағдайда пәтерін 7 000 000 теңгеге беретін болып келіскендігін, пәтерді сатуға қимағандығын, Г. бұл мәселені тездетіп бітіріп тастайық деп өзін қинап, сатуға мәжбүрлегендігін, алайда кейін өзінің қызы «не себепті арзан сатасыз, ол үйлердің бағасы қымбат екендігін, жоғары бағаға сатып, Г.-ге ақшасын және басқа қарыздарды беріп, өздерімен Астана қаласына жүруді ұсынғандығын», сөйтіп қызы ОЛХ жарнамасына хабарландыру бергендігін, сол хабарлама бойынша Қ. келіп үйін саудалап, келісім бойынша 9 000 000 теңгеге сатып алғандығын, осыдан кейін Г.-ны шақырып, пәтерді басқа адамға сатып жібергендігін, алайда өзіне тиесілі 7 000 000 теңге қаражатын қайтаратындығын, өзінің қатысып отырған сіңілісі түсінеді деп осылай жасағандығын, жәбірленушіден алаяқтықпен ақшасын алдап алу ниеті болмағандығын, қарызға алғандығын, алдағы уақытта ақшасын қайтаратындығын, өзін кінәлі деп есептемейтінін, өзіне қатысты ақтау үкімін шығаруды сұрайтынын көрсеткен.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі №8 «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» нормативтік қаулының 19-тармағына сәйкес, алаяқтық кезіндегі алдау көрінеу болмаған фактілерді болды деп жалған мәлімдеуден не істің мән-жайлары бойынша меншік иесіне не мүлік иесіне хабарлануға тиісті фактілерді жасырудан көрінуі мүмкін.

Істің мұндай жағдайында Ө.-нің Г.-дан ақшаны пәтер ақысы ретінде алғандығы туралы мән-жайлар қолхатта толық көрсетілуіне байланысты, сотталғанның ақшаны алаяқтық жолмен алдап алды деуге сот ешбір негіздер жоқ деп санайды. Демек, тараптар арасындағы келіспеушілік ақшаны қайтармау, не пәтерді сатпау туралы азаматтық-құқықтық қатынастардан туындаған бұл азаматтық дау ретінде қаралуы тиіс, қылмыстық емес, азаматтық-құқықтық қатынас аясында шешілуге жататын мәселе болып табылады.

«Алаяқтық туралы істер бойынша сот

практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 29 маусымдағы №6 нормативтік қаулысының 10-бабына сәйкес «Алаяқтықты азаматтық-құқықтық қатынастардан ажырату үшін алаяқтық кезінде кінәлі адамда алдау немесе сенімді теріс пайдалану арқылы бөтен мүлікті жымқыруға немесе бөтен мүлікке құқықты иемденуге қатысты пиғыл бөтен мүлікті немесе оған құқық алуды көздейтін шартты жасасқанға дейін және (немесе) сол сәтте туындайтыны ескерілгені жөн. Мұндай жағдайларда кінәлінің алдау әрекеттері оның бөтен мүлікті алған немесе мүлікке құқықты иемденген фактісімен себептік байланыста, яғни алдау әрекеттері осы мүлікті беруден немесе оған құқықты иемденуден бұрын болуға тиіс» деп түсіндірме берген.

Қылмыстық істі дұрыс шешу үшін маңызы бар нақты деректер: күдіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің, куәнің, заттай дәлелдемелермен; процестік әрекеттердің хаттамаларымен және өзге де құжаттармен белгіленеді. Айыптау үкімі болжамдарға негізделе алмайды, ол жол берілетін және анық дәлелдемелердің жеткілікті жиынтығымен расталуға тиіс. Осы нормативтік қаулының 48-тармағының талабына сәйкес, басты сот талқылауында нақ сол мән-жайлар анықталған жағдайда сот талқылауын соңына дейін жеткізіп, ақтау үкімін шығарады.

Осыған орай, сотталушы Ө.-ге тағылған айып бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы болмауына байланысты оны тағылған айыптан ақтауға жатады деп тұжырымдайды.

Сот үкімімен сотталушы Ө. ҚК-нің 190-бабы 3-бөлігінің 1)-тармағымен кінәсіз деп танылып, оның іс-әрекетінде қылмыстық құқықбұзушылық құрамының болмауына байланысты ақталды. Түптеп келгенде, пара алу да, алаяқтық қылмыстардың да қоғамға тигізер қатері жоғары.

Алаяқтардың сұғанақтығынан, өз мүддесін ойлайтын жемқорлардың арам пиғылынан еліміз әрқашан адал болсын!

Жұлдыз ЖАКЕЕВА,
Қызылорда қаласының
№2 сотының судьясы

ДАУ БІТСІН ДЕСЕҢ – ДОСТАС

Тәуелсіз еліміздің сот саласында оң өзгерістер жетерлік. Әсіресе, дау-жанжалды сотсыз шешудің баламалы тәсілдері жылдан-жылға көбейуде. Өйткені, кез келген шиеленісті жағдай мен түсініспеушілікті бітімгершілік жолмен шешу дана билерімізден қалған озық тәсіл. Бітіммен біткен істе бекері барын бабаларымыз бекер айтпаған.



**Мэлс ИДИРИСОВ,
Алматы облыстық №2
мамандандырылған ауданаралық
әкімшілік сотының төрағасы**

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының бастамасымен ел соттары соңғы кездері дауласушылардың бір мәмілеге келуіне жағдай жасайтын игі шаралар жүзеге асырылуда. Бұл тұрғыда түрлі жобалар өмірге еніп, заңдар мен заңнамалар толықтырылды. Билер институтының мұндай дара дәстүрі заманауи сот жүйесіндегі халықтық

қалпымызды жаңғыртудың ізгі бір қадамы іспетті.

Қазіргі заңдармен осынау озық тәсілдер жан-жақты жетілдірілген. Мысалы, жаңа заң Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде де медиация көрініс тапты. Айта кетерлігі, бұл заң мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік



талабы осы, яғни, дау-жанжалды азайту. Абай хакім айтқандай, «Татулықтан артық жолдас жоқ». Демек, шиеленісті жағдайды ортақ мәмілемен шешу екі жаққа да тиімді.

Алдымен Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 120-бабымен көзделген татуластыру рәсімдерін түсіндіріп өтейік. Тараптар өзара жол беру негізінде әкімшілік процестің барлық сатысында сот шешім шығаруға кет-

рәсімдерін, әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыруға байланысты қатынастарды, сондай-ақ, әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібін реттейді.

«Елдестірмек елшіден» демекші, судьялардың араласуымен қырғиқабақтық жойылып, адамдар арасында тату-тәтті қарым-қатынас орнаса, қоғамдағы ахуал да жақсара түспек. Бұл тұрғыда сотқа келушілерге бітімгершілік институтының артықшылықтары жан-жақты түсіндіріліп, құқықтық бағыт-бағдар беріледі.

Бүгінде соттар татуласу рәсімдерін белсенді қолдануда. Екі жақтың бір-біріне түсіністік танытып, арадағы дауға татуласу арқылы нүкте қойылуы үлкен жетістік. Мұны айтып отырғанымыз, аталған кодекспен талап қоюшыларға мемлекеттік және әкімшілік органдармен, сондай-ақ, лауазымды тұлғалармен татуласу мүмкіндігі берілді.

Тараптар, әсіресе, мемлекеттік және әкімшілік органдар, лауазымды тұлғалар заңмен берілген осы мүмкіндікті пайдалануға мүдделілік танытып, медиацияның жандануына, яғни, заңның жұмыс істеуіне атсалысса нұр үстіне нұр болар еді. Олай дейтініміз, татуластыру рәсімдерінің басты

кеңге дейін татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасу арқылы істі толығымен немесе ішінара аяқтай алады. Яғни, олар өзара келісімге келуде осы рәсімдердің өздеріне тиімдісін таңдайды. Сонымен қатар, жауапкердің әкімшілік қалауы болған кезде олардың татуласуына жол беріледі.

Бұл жаңадан қабылданған заң болғандықтан, ондағы әрбір терминді түсіну маңызды. Сондықтан, әкімшілік қалау ұғымына да тоқтала кетейік, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 4-бабы 6-тармағына сәйкес, әкімшілік орган, лауазымды адамның Республика заңдарында белгіленген мақсаттар мен шектер заңдылығын бағалау негізінде ықтимал шешімдердің бірін қабылдау өкілеттігі – әкімшілік қалау болады.

Сотта дауды медиация және партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу осы кодекс пен өзге де ел заңдарының шеңберінде жүргізіледі. Атап айтарлығы, татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жазбаша түрде жасалып, оған тараптар немесе олардың өкілдері қол қояды.

Бұған қоса аталған келісімдер мәжбүрлеу тәртібімен орындаушылық талаптарға сай келуі тиіс. Әрі онда тараптарды татуластыратын шарттар, сондай-ақ, сот шығыстары, өкілдердің қызмет ақысына арналған шығындарды бөлу тәртібі нақты көрсетіліп, қамтылады. Тараптардың татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімді бекіту туралы өтінішхаты сот отырысында немесе алдын ала тыңдауда қаралады.

Келісімді бекіту туралы өтінішхат заң талаптарына сай келсе, сотпен бекітеді. Олай болмаған жағдайда, сот одан бас тарту туралы ұйғарым қабылдайды. Тараптардың татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімін бекіту барысында, сот талап қоюды толығымен немесе тиісті бір бөлігінде қайтару туралы да ұйғарым шығарады. Мысалы, келісімнің шарттары заңға қайшы келуі немесе басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарына, заңды мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін, мұндай кезде ол бекітілмейді.

Айта кетерлігі, татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім міндетті түрде орындалуы керек. Ерікті түрде орындалмаса, келісім жасаған адамның өтінішхатына сай берілетін атқару парағының негізінде мәжбүрлеп орындатуға жатады.

120-баптың 8-бөлігінде көрсетілгендей, судья тараптардың татуласуы үшін барлық шараны қабылдап, дауды процестің бүкіл сатысында реттеуге жәрдемдеседі. Тараптар татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімге келе алмаса немесе сот келісімнің шарттарын бекітпесе, әкімшілік істі талқылау жалпы тәртіппен жүргізіледі.

Медиация сотта қалай жүргізіледі десек, 121-бапта нақтыланғандай, бірінші сатыдағы сотта медиация жүргізу үшін іс аталған келісімді бекітетін басқа судьяға беріледі. Тараптар өтінішхат берген жағдайда медиа-

цияны қарауына әкімшілік іс түскен судья жүргізуі мүмкін.

Ал, апелляциялық сатыда медиацияны жүргізу соттың алқалы құрамындағы судьялардың біріне беріледі. Кассацияға тараптар өзара келісімді дау-жанжалды медиативті келісім жасасу арқылы реттеу туралы өтінішхатпен бірге ұсынады.

Медиация жүргізетін судья оны өткізетін күнді тағайындап, тараптарға уақыты мен орнын хабарлайды. Басқа адамдардың қатысуы дауды реттеуге ықпал ететін болса, сот оларды медиацияға шақырады. Ескерерлігі, сотта медиация жүргізу хаттамасы жасалмайды.

Билер институтының өмірге енуі сот төрелігінің тиімділігін бұрынғыдан әрі арттырғанын уақыттың өзі көрсетіп отыр. Олай дейтініміз, дау-жанжалдың ушықпай өзара келісіммен бітуі дауласушылар үшін ғана емес, жалпы мемлекет үшін пайдалы. Осы себепті, мемлекеттік органдар мен ұйымдар, лауазымды адамдар медиацияға мүмкіндігінше батыл қадам жасаулары керек. Қарапайым тілмен айтқанда, дауды өзара келісіммен бітіріп, ың-шыңсыз аяқтаудан қорықпаған абзал.

Татуластыру шаралары қоғамның құқықтық мәдениетін дамытуда ең тиімді тәсіл бола алады.

Жалпы алғанда, медиация – тараптар арасындағы жеке және іскерлік қарым-қатынасты сақтай отырып, даудың жедел шешілуіне ықпал етеді. Сонымен бірге, рәсімдерді жүргізуге екі жаққа да ыңғайлы уақыт таңдалып, оларды бірдей қанағаттандыратын шешім қабылданады.

Дана халқымыз «Алтау ала болса – ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса – төбедегі келеді» немесе «Ел боламын десең достас, қор болам десең – қастас» дегенді бекер айтпаған. Бірлігіміз нығайып, әрқашанда достасуға ұмтылсақ, тірлігіміз жанданып, ел болашағы жарқын болады. Осы себепті, біз дау-жанжалды сотсыз реттеудегі ең жақсы жол – бітімгершілік екенін жұртшылыққа жеткізгіміз келеді.

«NUR OTAN»-НЫҢ ЖАЛАУЫ МЕН ЛОГОТИПІН, ӘНҰРАНЫН ӨЗГЕРТУ КЕРЕК

Қазақ халқының көптеген нәубетті бастан кешкені өткен тарихымыздан, әлмисақтан белгілі жәйт. Алайда, ел бейбіт өмір сүріп, мамыражай күн кешіп жатқанда орын алған – қаңтар айында болған оқиға баршамыздың жанымызға батты.

Айнұр МӘТІБАЕВА,
Алматы технологиялық университеті
«Тағам технологиялары» факультетінің
«Тағам өнімдерінің технологиясы»
кафедрасының қауымдастырылған
профессоры



Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің халыққа жолдаған жолдауларында, өзге де салиқалы жиындарда: «Басты құндылығымыз – еліміздің Тәуелсіздігінде, халықтың бірлігі мен ынтымағында» – деп талай рет шегелеп айтқан болатын. Халықтың әл-ауқатын жақсартуға, экономикамызды өркендетуге қарышты қадамдар жасалып, қазіргі таңда Қазақ елі дүние жүзіне танылды, бірақ, қаңтардағы қанды оқиға еліміздің одан әрі өркендеуіне теріс әсер еткенін теріске шығара алмаспыз.

ДAUDAN DA жалтармаған, жаудан да қорықпаған батыр Бауыржан Момышұлы айтпаушы ма еді: «Тәртіпке бағынған ел, құл болмайды» – деп. Яғни, заң болмаса, қоғамда тәртіп болмайды. Сондықтан, барлық мәселе заң аясында шешілуі тиіс болатын, өкінішке қарай, содырлардың, экстремистердің қылмыстық әрекеттерінен талай бейкүнә боздақтарымыз, әскери сарбаздарымыз, құқық қорғау органдарының қызметкерлері қанды қол арам ниетті қылмыскерлердің қолдарынан қаза тапты, бейбіт халықтың қаны

төгіліп, халқымыз орны толмас зардап шекті, азаматтардың, кәсіпкерлердің жеке мүліктеріне орасан материалдық залал келді. Мен ұстаз ретінде, бала өсіріп отырған ана ретінде, күні кеше Алматы көшелеріне шығып, Тәуелсіздігіміздің тұғырын шайқалтқан содырлардың қылмыстық іс-әрекеттерін мүлдем құптамаймын. Кешегі ойран салған содырлар тобы, әсем Алматы қаламыздың екі миллион тұрғынының пікірін білдіре алмады. Бұл қанды оқиғаға, құқық қорғау органдары тарапынан заңды түрде баға берілуі керек, ал, қылмыс жасаған барлық содыр анықталып, кінәлілер заң аясында, қатаң жазаға тартылулары қажет.

Осы орайда, мемлекет және қоғам қайраткері, кеменгер жазушы Әбіш (Кекілбаев) ағамыздың – мың өліп, мың тірілген, талай нәубетті, зобаланды бастан кешкен қазақтың өткен тарихын, ел басына күн туған сын сағаттарын зерделеген, қорытынды жасаған, онда келтірілген дүниелер әлі де құндылығын жоғалтпай, қазіргі оқиғалармен үндесіп жатқан сияқты, сондықтан да асыл ағамыздың Әйтеке би туралы жазған мақаласынан үзінділер келтірейін:

«...Баяғы қасіреттерімізді сөз еткенде, бүгінгі ынтымағымызды, кешегі өкпелерімізді айтқанда, ертеңге деген үміттерімізді ұмытып кетпегеніміз жөн. Ертең ел боламыз деп отырғандардың бәрі де бұл қонысқа аспаннан, айдан түспегені, сол бағзыдағы бабалардың ұрпақтары екені естен шығып кетпесін. Тарих – жүрегіңнің тілі, сүйегіңнің діні. Қазақ үшін «сүйек сындырудан асқан сөлекеттік, бет жыртысудан асқан берекетсіздік» болмайды. Жауға істеріңді ағайынға істеу, сыртқа көрсете алмай жүрген айбатыңды ішке көрсету, мәрттік емес, нәмәрттік. Ел басына туған қиын заманда бабалар жаға жыртыспаған. Сүйек сындырыспаған, ұрпаққа адал болған. «Ел болмас елдің төбесіне ту тұрақтамас, төресіне тәж тұрақтамас» – деген бар. Көрінген тентек тепсініп барып, теуіп кете берсе, ту қайтіп тұрақтайтын еді. Жұлқынып барып, жұлып алып жүре берсе, тәж қалай тұрақтайтын еді? Ту тұрақтатпас тұлдыр үйге, тәж тұрақтатпас тұлдыр басқа бақ пен ырыс қалай қонатын еді? Ырыс тұрақтау үшін ыждаһатпен қоса

ынсап, бақыт тұрақтау үшін батылдықыпен қоса бәсіктік керек шығар. Өшкеніміз жанып, өлгеніміз тіріліп, бәріміз де мәре-сәре болып жатқанда ұрыншақ емес ұғымсақ, тиірсек емес үйірсек болуымыз келіңкірейтін тәрізді. Тепсінесек – Махамбеттің тындырғанын тындырып алып, тепсінейік. Бас салсақ – Әйтекенің ойлағанын ойлап, айтқанын айта алатындай болып алып, бас салайық. Бағзыдағы Қожаберген жырау айтқан «Үш Жүздің еш баласы жат көрмейтін» мінез – тек ел шетіне жау тигенде, ел басына күн туғанда ғана емес, бәр кездің бәрінде керек. Сонда ғана ел шетіне жау тимейді, ел басына күн тумайды...».

Қанша «мен» деген данышпан, ғалым, жазушы, әкім, қоғам қайраткері болса да, дәл Әбіш ағамыздай ешбір пенде осылайша ел бірлігі жайлы тебірене жазбаған болар, сірә. Жазушы осы кездері тірі болғанда, қолына Ту алып, халықтың алдына шығары сөзсіз еді. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» – деп елді сабырға шақырып, осы ойранның алдын алған болар ма еді?!

«Nur Otan» партиясы Саяси кеңесінің қаулысымен 2022 жылдың 28 қаңтарында партияның кезектен тыс XXI съезін өткізу туралы шешім қабылданды деп хабарлады партия төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Байбек мырза. «Nur Otan» – Қазақстанның жетекші саяси партиясы. 1999 жылы негізі қаланған. Партияны ұзақ жылдар бойы Нұрсұлтан Назарбаев басқарды.

Партия жарғысының 5.1-бабына сай – партия мүшесінің мынадай құқықтары бар:

– партияның және партия ұйымдарының бағдарламалық және өзге де құжаттарын әзірлеуге қатысуға;

– өз пікірін еркін айтуға, партия қызметінің мәселелерін еркін талқылауға, ауызша және жазбаша түрде ұсыныстар енгізуге, партияның кез келген органы мен кез келген партия мүшесін сынауға. Яғни, жарғының жоғарыда аталған талаптарын басшылыққа ала отырып, сондай-ақ, алдымызда өтетін алқалы жиын туралы, осы партияның қатардағы мүшесі ретінде (партиялық билетім № 01547906, 29.10.2020 жылы берілген), өз пікірлеріммен бөліскенді жөн санаймын.

Партия мүшелігіне қабылданбастан бұрын, «Nur Otan» партиясы» қоғамдық бірлестігінің жарғысымен мұқият танысқан болатынмын. Жарғыда жазылған ережелер, былай қарағанда, өте керемет, дұрыс жазылған, яғни, тек халықтың мүддесін ғана қорғайтын бірден-бір партия. Менің жеке пікірімше, партия жарғысы өте күрделі жазылған, көлемі өте ауқымды. Шыны керек, оны түсіну үшін қайта-қайта оқу керек. Сол кездері Ресей Федерациясының «Единая Россия» партиясының жарғысымен де танысқан едім. Сонда байқағаным, біздің жарғыдағы көптеген ережелер, Ресей партиясының Жарғысынан көшірілген сияқты көрінді. Партия жарғысы 01.03.1999 жылы қабылданған күннен бастап, осы болатын кезексіз съезге дейін 23 жылға таяу уақыт өткен. Сол аралықта, «Nur Otan» партиясының кезекті, кезексіз жиырма съезі өтіп, партия жарғысына бар болғаны алты рет өзгертулер мен толықтырулар ғана енгізілген. Партияның жұмысы да тірі организм сияқты, яғни, қоғамда болып жатқан өзгерістерге сай, оның жұмысы да өзгеріп тұруы, жаңартылуы керек болатын.

Партияның кезектен тыс XXI съезінде партияның жарғысын жаңадан жаңғырту мәселесі туындаса, осы көтерілген мәселелер де толыққанды қаралып, қазіргі елімізде қалыптасқан саяси жағдайға сай шешілгенін қалар едік.

Ертеректе, яғни, сол кездері «Nur Otan» партиясының» хатшысы болған, ал, қазіргі таңда Мемлекеттік хатшы лауазымындағы Ерлан Карин мырзаның журналистерге берген бір сұхбаты есте қалыпты. Сонда ол еліміз бойынша, сол кезеңге дейін (одан бері де төрт-бес жыл өтті) бір миллионға жуық партия мүшелері бар екендігін, мақтанышпен атап өткен еді. Алматыда, Таразда, Қызылордада және тағы басқа қалаларда содырлар «Nur Otan» партиясының ғимараттарына шабуыл жасап, соңынан өртеп жібергендерін өз көзімізбен көрдік. Осындайда, сол кездері миллионға жуық «Nur Otan» партиясының мүшелері қайда болды?! – деген заңды сұрақ туындайды. Партия мүшелері неліктен содырларға, экстермистерге дер кезінде тойтарыс бермей, өз бастарын сау-

ғалап, ғимараттарын тастай сала қашты! Елімізге шабуыл жасаған содырлардың саны жиырма мыңдай делінген хабар таранды, осылай бола тұрса да, не себепті соларды ауыздықтауға партияның миллион мүшесінің шамасы келмегені таң қалдырады. Егер бір кісідей тойтарыс бергенде, бір содырға бес жүз партия мүшесі қарсы тұрған болар еді. Жер-жебіріне жетіп сынап жүрген – кешегі Кеңес Үкіметінің коммунистері халықты бір тудың астына жұмылдырып, қолдарына қару алып, қасық қандары қалғанша неміс басқыншыларымен күресіп, Жеңіске жеткендерін қалай естен шығаруға болады.

Қазір БАҚ беттерінде, елге белгілі болған бірен-саран азаматтардың партия қатарынан шығуға арыз беріп жатқандарын көруге болады. Сондықтан, болашақта партия мүшелерінің көптігіне, қыруар санына емес, сапасына, патриоттық сезімдеріне назар аудару қажет. Сондай-ақ, БАҚ беттерінен, теледидардан көріп жүргеніміздей – соңғы кездері өткізілген «Nur Otan» партиясының кезекті, кезексіз съездері ел деңгейіндегі үлкен шоуға айналып кетті. Съезд делегаттары, партия басшылары, қатысып отырған қонақтар біркелкі сарыала киімдер киіп, мойындарына сары шарфтарын тағып, ырду-дырду жалаң ұрандар тастаумен, бір кісінің басын дәріптеумен ғана шектеліп жатты. Келешекте мұндай арзан ойын-сауыққа шектеу қойып, съезд жұмысы тек партия жарғысы талаптарына сай өтулерін қатаң бақылау қажет.

Сонымен қатар, партия жарғысының 14.4-бабының талаптарына сәйкес, партияның жалауы мен логотипін де түбегейлі өзгерту қажет деп санаймын. Бұл мәселені съезд делегаттарының, қалың жұртшылықтың пікірлерін ескере отырып, шешу қажет.

Ал, партияның әнұраны ретінде, Қазақстан Республикасының Халық әртісі Ескендір Хасанғалиевтың «Атамекен» әнін таңдаса болады деп ойлаймын (сөзін жазған белгілі ақын Қадыр Мырза Әлі. Өйткені, бұл ән рухты оятып, жігер-күш беретін, қазақ халқының ерекше сүйіспеншілігіне бөленген нағыз патриоттық туынды, Ән басталған сәтте-ақ, барлық қазақ жатқа айтып, қосыла жөнелетін бірегей әндердің бірі.

ЕҢБЕК ШАРТЫН БҰЗУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖІКТЕЛУІ

Еңбек шарты – жұмыс беруші мен жұмыскер арасындағы жазбаша келісім. Соған сай, жұмыскер жұмысты жеке орындауға және еңбек тәртібінің ережесін сақтауға міндеттелінеді. Ал, жұмыс беруші ҚР Еңбек кодексінде көрсетілгендей, еңбек жағдайын қамтамасыз етуге, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері және заңдары, ұжымдық шартпен, жұмыс берушінің актілері, Еңбек кодексіне сәйкес, уақытылы және толық көлемде еңбек жалақысын төлеу бойынша қызметкерге жұмыс беруге міндетті.



Құралай ТҰРЛЫХАНҚЫЗЫ,
Абай атындағы ҚазҰПУ,
«Құқықтану» кафедрасы,
заң ғылымдарының магистрі

Жұмыс беруші жұмыскерді жұмысқа қабылдаған кезде кем дегенде екі данада жазбаша еңбек шартын жасасу керек, олар екі жақпен қол қою арқылы бекітіледі. Бір данадан жұмыс берушіде және жұмыскерде сақталынады. Жұмыскер еңбек шарты нұсқасын алғаны туралы жазбаша түрде бекітіледі. Жасасқан еңбек шарты жұмыс берушінің актісімен жұмысқа қабылдау рәсімделеді яғни, жұмыс беруші жұмысқа қабылдау туралы бұйрық шығарады.[2]

Қазақстанның қолданыстағы еңбек заңдарының өзіне тән ерекшеліктері еңбек шартының маңызы мен мәнін күшейту. Нарықтық қатынастарда еңбек саласындағы қоғамдық қатынастардың қатысушыларына жеке еңбек шарты негізінде еңбек жағдайларын реттеуде теңдей мүмкіндіктер ұсынылады. Шарт жалдамалы жұмыскерлердің жеке қасиеттерін ескеруге, еңбек құқықтық қатынасының тараптарының құқықтары мен міндеттерін дербестендіруге мүмкіндік береді.

Еңбек құқықтық қатынастарды мемлекеттік реттеуге күш салу орталықтандырылғаннан – орталықсыздандырылуға, заңнан – шарттылыққа қарай өтеді. Сонымен бірге, негіздеме және жеке еңбек шартын бұзу бөлігінде заңмен реттеу қадағаланады.

Еңбек шарты тараптардың келісімі бойынша бұзылуы мүмкін. Еңбек шартын бұзуға тілек білдіруші екінші тарапқа хабарлама жібереді. Хабарлама алған жақ үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы жазбаша нысанда хабарлайды. Тараптардың келісімі бойынша еңбек шартының бұзылу күні қызметкер мен жұмыс берушінің арасындағы келісіммен айқындалады. Еңбек шартында қызметкермен келісім бойынша, жұмыс берушінің қызметкерге бір жылғы орташа жалақысынан кем емес мөлшерде өтемақы төлей отырып еңбек шартын бұзу құқығы көзделеді. Бұл шартқа сәйкес, қызметкерлер еңбек тәртібіне бағына отырып, белгілі бір мамандық бойынша жұмыстарды орындауға, ал, кәсіпорын тараптардың келісімі және еңбек заңдарында қарастырылған айлық жалақыны төлеуге және тиісті еңбек жағдайларымен қамтамасыз етуге міндетті болады.[1]

Еңбек шарты жұмыскер мен жұмыс берушінің жұмыскердің жұмысқа қабылданған мерзімін, сондай-ақ, барлық қатысушы жағдайлар мен талаптарды көздейтін келісім болып табылады. Еңбек шартын бұзудың негізі онда көрсетілген мерзімнің аяқталуы болып табылады. Еңбек шартын тоқтатудың тағы бір шарты жұмыскер өз таңдауы бойынша немесе басқа себеппен жұмыстан шығарылуы мүмкін. Алайда, жұмыскер жиі күдіктенбейтін еңбек келісім-шартын тоқтатуға басқа себептер бар. Өзіңізді кез келген күтпеген жағдайдан және түсінбеушіліктен қорғау үшін, еңбек келісім-шартын бұзудың жалпы негіздері қандай екенін анықтау қажет.

Еңбек шартын тоқтатудың барлық негіздері топтарға бөлінеді. Еңбек шартын бұзу жекелеген адамдардың іс-әрекеті немесе бастамасы бойынша тоқтатылу себептеріне қарай жүзеге асырылады. Еңбек шарты тоқтатылуы мүмкін:

Кейбір заңды оқиғалар туындаған кезде, мысалы, шарттың мерзімі аяқталған немесе жұмыскер қайтыс болған жағдайда.

Кейбір сот іс-әрекеттеріне байланысты, мысалы, тараптардың келісімі немесе келісімде көзделген негіздер бойынша, сондай-ақ, қызметкер оны басқа жерге немесе еңбек жағдайына ауыстыруға келіспеген кезде.

Тараптардың бастамасы бойынша, жұмыскер немесе жұмыс беруші бірқатар себептерге байланысты. Үшінші тұлғалардың бастамасымен еңбек келісім-шартымен байланысты емес, мысалы, шақыру, соттың немесе кәсіподақтың шешімі, кәметке толмаған жұмыскердің ата-анасының немесе қамқоршысының талаптары.

Заңнамада еңбек шартын бұзудың оннан астам құқықтық негізі көрсетілген. Олардың неғұрлым кең таралғанын егжей-тегжейлі қарастырайық. Еңбек шартын тараптардың бастамасы бойынша тоқтатуға жұмыскер немесе жұмыс беруші құқылы. Әдетте, осындай себеп негізделген мерзімдік еңбек келісімшартын тоқтату үшін негіз болып табылады, оның мерзімі

әлі аяқталмаған болса да, реттелмеген мерзімде келісім-шарт үзілуі мүмкін. Бұл жағдайда жұмыскер жұмыс берушіні жұмыстан босату туралы ескертуге міндетті емес, бірақ, келісімшартты бұзу күні келісілуі керек. Құжаттың тоқтатылуы туралы тараптардың келісімі ауызша және жазбаша болуы мүмкін. Жұмыскер еңбек шартының қолданылуын тоқтату туралы өтініш беруге міндетті, бұл туралы тараптардың келісімі бойынша шартты бұзуды түсіндіретін тармақты міндетті түрде көрсете алады. Мерзімді еңбек шарты белгісіздіктің жасалуы мүмкін болмаған жағдайда ғана жасалады. Бұл жұмыстың ерекше сипаты немесе оны жүзеге асыру шарттары, сондай-ақ, жұмыскердің қалауы болуы мүмкін. Осындай жағдай болмаған кезде еңбек шартын мерзімінен бұрын бұзған болып саналуы мүмкін. Бұны тоқтату құжат бастамашы тараптардың бірі болған жағдайда ғана болуы мүмкін – жұмыскер немесе жұмыс беруші. Осы бойынша, терминнің аяқталуы келісімшартты бұзбайды, ол автоматты түрде белгісіз мерзімге созылады деп есептеледі. [3]

Еңбек шартын бұзудың басқа негіздері жұмыскердің жаңа еңбек жағдайына, басқа елді мекенге денсаулығының себептері бойынша жұмыс істеуге қарсы тұруға рұқсат беруден бас тартуы мүмкін. Бір мекеменің шекарасында осындай аударымдар қызметкердің келісімімен ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл жұмыс берушімен келісімшартқа ие кез келген қызметкер білуі қажет болатын еңбек келісімшартын тоқтату негізіндегі ең таралған және негізгі мәселелер.

Еңбек құқығында еңбек шартының атқаратын рөлі өте үлкен болып табылады. Сондықтан да, ең алдымен еңбек шарты дегеніміз – жұмыскер сыйақы үшін тиісті біліктілігі бойынша (еңбек функциясын) атқарады және еңбек тәртіптемесін сақтайды, ол жұмыс беруші еңбек жағдайларын қамтамасыз етеді, жұмыскерге Қазақстан Республикасының еңбек заңнамаларында, еңбек шартында, ұжымдық шартта, тараптардың келісімінде көзделген жалақыны уақытылы және толық көлемінде төлейді

және өзге де төлемдерді жүзеге асырады. Еңбек шартының басты субъектілері жұмыскер мен жұмыс беруші болып табылады.

Еңбек шартының жасалу тәртібі жұмыскер мен жұмыс берушінің арасында жазбаша нысанда, екі данада жасалады және бір-бір данадан қызметкер мен жұмыс берушіде сақталады. Жұмыскерді жұмысқа қабылдау жасалған еңбек шарты негізінде шығарылатын жұмыс берушінің актісімен рәсімделеді. Кей жағдайларда еңбек шартында жұмыскердің жұмысқа біліктілігінің сәйкестігін тексеру мақсатында сынақ мерзімі туралы талап қойылуы мүмкін. Сынақ мерзімінің ұзақтығы үш айдан аспауы тиіс. Жұмысқа қабылдау кезінде келесі адамдардың санаттарына конкурс бойынша тиісті лауазымға қабылданған адамдар, мүгедектер, орта және кәсіптік білім беру мекемелерін бітірген және алған мамандығы бойынша жұмысқа алғаш рет кіретін адамдар жатады. Еңбек кодексіне сәйкес, еңбек шарты кей жағдайда жарамсыз болып саналады. Мысалы, алдау, күш көрсету, қауіп төндіру арқылы ықпал ету, жалған еңбек шартын жасау, әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдар, кей жағдайларда еңбек заңнамаларындағы шарттарды сақтамаған кезде, он төрт жасқа толмаған адамдар мен ата-анасының, қамқоршысының, асырап алушысының келісімінсіз, 16 жасқа толмаған адамдармен еңбек шарты жасалған кезде сот оны жарамсыз деп таниды. [5]

ҚР Еңбек кодексіне сәйкес, еңбек шартын тоқтату және бұзу негіздері көзделген. Еңбек шартын тоқтату негіздері мыналар:

1. Тараптардың келісімі бойынша еңбек шартын бұзу;
2. Еңбек шарты мерзімінің аяқталауы;
3. Жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу;
4. Жұмыскердің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу;
5. Тараптардың еркінен тыс мән-жайлар;
6. Жұмыскердің еңбек қатынастарын жалғастырудан бастартуы;
7. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды, жұмыс-

кердің сайланбалы жұмысқа (лауазымға) ауысуы немесе еңбек қатынастарын жалғастыру мүмкіндігін болғызбайтын лауазымға тағайындалуы;

8. Еңбек шартын жасасу шартының бұзылуы;

9. Жұмыс берушінің атқарушы органы басшысымен жасалған еңбек шартында көзделген негіздер еңбек шартын тоқтату негіздері болып табылады;

10. Ақшалай немесе тауарлық құндылықтарға қызмет көрсететін жұмыскердің кінәлі әрекеттер жасауы немесе әрекетсіздігі, егер бұл әрекеттер немесе әрекетсіздік жұмыс берушінің тарапынан оған деген сенімнің жоғалуына негіз болса;

11. Тәрбиелік функциялар атқаратын жұмыскер осы жалғастырумен сыйыспайтын адамгершілікке жат қылықтар жасаған;

12. Жұмыскер еңбек міндеттерін атқаруға байланысты өзіне мәлім болған мемлекеттік құпияларды және заңмен қоғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария еткен;

13. Егер тәртіптік жазасы бар жұмыскер еңбек міндеттерін дәлелді себепсіз қайталап орындаған немесе тиісінше орындамаған;

14. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда жұмыскердің мемлекеттік құпияларға жіберілу рұқсаты тоқтатылған;

15. Еңбек шартын жасасу кезінде түпнұсқа немесе мәліметтер еңбек шартын жасаудан бас тартуға негіз болатын жағдайда жұмыскер жұмыс берушіге көрінеу жалған құжаттар немесе мәліметтер ұсынған;

16. Жұмыс берушінің атқарушы органы басшысының оның орынбасарының не жұмыс беруші бөлімшесі басшысының еңбек міндеттерін бұзуы жұмыс берушіге материалдық залал келтіруге әкеліп соққан;

17. Жұмыскер жүктілігі немесе босануы бойынша демалыста болған, сондай-ақ, егер ауру үкімет бекіткен еңбекке қабілетсіздіктің анағұрлым ұзақ мерзімі белгіленген аурулар тізбесіне енгізілген жағдайларды қоспағанда жұмыскер еңбекке уақытша қабілетсіздігі салдарынан қатарынан екі айдан астам жұмысқа шықпаған жағдайларда бұзылуы мүмкін;

18. Жұмыскер сот актісіне сәйкес, одан әрі жұмыс істеу мүмкіндігін жоятын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағанда бұзылуы мүмкін.

Сонымен қатар, Еңбек кодексі еңбек шартын жұмыскердің бастамасы бойынша бұзуға құқық береді. Жалпы ереже бойынша жұмыскер жұмыс берушіні бір ай бұрын жазбаша түрде ескертіп, еңбек шартын өз бастамасымен бұза алады.

Тараптардың еркінен тыс мән-жайлар бойынша еңбек шартын тоқтату төмендегідей жағдайларда жүзеге асырылады:

1. Жұмыскер әскери қызметке шақырылған (кірген) кезде жұмыскер тиісті құжатты ұсынған күннен бастап үш күн мерзімнен кешіктірілмей;

2. Жұмыскер не жұмыс беруші жеке тұлға қайтыс болған жағдайда, сондай-ақ, сот қызметкерді не жұмыс беруші жеке тұлғаны қайтыс болды деп жариялаған немесе хабарсыз кетті деп танылған жағдайда;

3. Жұмыскер немесе жұмыс беруші – жеке тұлға еңбек қатынастарын жалғастыру мүмкіндігін болғызбайтын жазамен сотталған сот үкімі заңды күшіне енген кезде;

4. Сот жұмыскерді әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп таныған, соның салдарынан жұмыскердің бұрынғы жұмысын жалғастыруға мүмкіндігі болмайтын жағдайда;

5. Бұрын осы жұмысты атқарған жұмыскер жұмысына қайта алынған жағдайда тоқтатылуы тиіс;

Сонымен, қорыта келгенде, еңбек келісім-шарты – бұл жұмысшы мен жұмыс берушінің арасында, жұмысшының белгілі бір жұмысты атқаруға, еңбек тәртібі ережесін сақтауға міндеттелуіне сәйкес жасалатын келісім. Осы келісімнің дұрыс рәсімделуі маңызды. ҚР Еңбек кодексіне сәйкес, жұмыс берушінің бастамасы бойынша өндіріс көлемі азайғанда не болмаса өндіріске жаңа технология енгізіліп, модернизациялану жүргізілген ретте, өндіріс көлемі арттырылған жағдайларда қызметкерлер саны мен штатының қысқартылуы мүмкін. Бұл жерде жұмыс беруші ҚР Еңбек кодексінің талаптары мен міндет-

терін қатаң сақтағаны дұрыс, оның ішінде заңды тұлға таратылған не жұмыс беруші – жеке тұлғаның, жеке кәсіпкердің, қорғаушылар, нотариустардың қызметі тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, қызметкерлердің уақытша еңбекке қабілетсіздік кезеңінде және жыл сайынғы еңбек демалысында жүрген кезеңінде еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзуға жол берілмейді. Сондай-ақ, еңбек шартын бұзатыны туралы жұмыс беруші қызметкерге бір ай бұрын жазбаша ескертуге міндетті, ал кәсіподақ мүшесі болып табылатын қызметкерлермен еңбек шартын бұзу ұжымдық шартта көзделген тәртіппен, осы ұйымның кәсіподағы органының дәлелді пікірін ескере отырып жүргізіледі. [4]

Еңбек шартының тоқтатылуы ҚР Еңбек кодексі талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылады. Осы еңбек шартын

тоқтату туралы құжаттың көшірмесі шығарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жұмыскерге тапсырылады не оған хабарламасы бар хатпен жіберіледі. Еңбек шарты тоқтатылған кезде жұмыс берушіден жұмыскерге тиесілі сомаларды төлеу, ол тоқтатылғаннан кейінгі үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі. Жұмыс беруші еңбек шарты тоқтатылған күні жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжатты беруге міндетті болып табылады. Сонымен қатар жұмыс беруші жұмыскердің талап етуі бойынша, өтінішпен жүгінген кезден бастап бес жұмыс күні ішінде мамандығы (біліктілігі, лауазымы), жұмыс істеген уақыты және жалақы мөлшері көрсетілген анықтаманы, жұмыскердің біліктілігі және оның жұмысқа көзқарасы туралы мәліметтерді қамтитын мінездеме-ұсынымды, сондай-ақ Еңбек кодексінде көзделген басқа да құжаттарды беруге міндетті екені мәлім болды

Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (Грант № AP09259109).

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. *Қазақстан Республикасының Конституциясы* http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_06.06.2019.
2. *Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 2015 жылғы 23 қараша № 414-V ҚРЗ.* // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000414> 20.01.2019.
3. *М.Х. Хасенов. Еңбек даулары бойынша сот практикасында не дұрыс емес?* 04.03.2020. <http://www.zakon.kz/5010181-что-не-так-в-судебной-практике.html> 23.07.2020.
4. *А.Х. Тажимаева. Қазақстан Республикасының Еңбек құқығы. Оқу-әдістемелік құрал. - Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2016. - 87 б.*
5. *Хамзина Ж.А. Вопросы к качеству нормативного постановления «О некоторых вопросах применения судами законодательства при разрешении трудовых споров»* // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37456619#pos=5;-116 (30.06.2020.)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ ҚЫЗМЕТІ

БҰҰ-ның Бас ассамблеясы 1948 жылы «Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясын» қабылдады. Қазір бұл құжат өркениетті адамзат түгел мойындаған, дүниежүзінің прогресшіл



күштері түгел таныған, адам құқықтары туралы негізгі құжат болып табылады. Декларация мәтінінен орын алған адам құқықтарын сипатына қарай үш топқа жіктеуге болады.

Бірінші топқа – адамдардың табиғи және айырғысыз құқықтары жатады. Адамның өмір сүру құқығы, оның жеке басының бостандығы, құлдықтан азат болу құқықтары осының мысалдары. Әр адамның қасиетті және қастерлі құқықтарына ешкімнің қол сұғуға қақысы жоқ. Адамды азапқа салуға, оған өрескел қаталдық көрсетуге немесе оның намысын қорлайтын шаралар қолдануға, жеке өміріне қол сұғуға тыйым салынған. Адамның арына, абыройына тиетін

әрекеттерге, оның тұрғын орнына басып кіруге, мүлкіне қол сұғуға жол берілмейді.

Екінші топқа – азаматтыққа байланысты құқықтар мен бостандықтар жатады. Бұлар – адамның азаматтық алу, еркін жүру, тұрғылықты жерін таңдап алу, некеге отыру, отбасын құру, баспана иесі болу, ұждан бостандығы; шерулерге қатысу; мемлекет істерін басқаруға қатысу құқықтары.

Үшінші топқа – экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жатады. Бұлар

– адамның еңбек ету, өз қалауы бойынша жұмыс таңдау, еңбегіне сай ақы алу, меншік иесі болу, кәсіптік одақтарға бірігу, қоғамдық бірлестіктердің жұмысына қатысу, демалу, білім алу, адамға лайық тұрмыс құру құқықтары.

Қоғам адамдарды жынысына, тегіне, намынына, лауазымына, ұлтына, материалдық жағдайына, жасына, өзге де әлеуметтік белгілеріне қарап алаламауы керек. Заң алдында жұрттың бәрі тең. Адамдар алған білімдері арқылы тек өздеріне ғана емес, қоғамға да пайда келтіреді. Еңбек ету бостандығына ие азаматтар тек өздері үшін ғана емес, қоғам үшін де материалдық және рухани игіліктер жасайды.

Адам құқығы жөніндегі уәкілдің (бұдан әрі – Уәкіл немесе омбудсмен) қызметі туралы, сонымен бірге адам құқықтарын қорғау саласына тоқталатын болсақ.

Ислам ынтымақтастығы ұйымында (ИЫҰ) 2011–2012 жылдары, Шанхай ынтымақтастық ұйымына 2010–2011 жылдары, Түрік тілді мемлекеттер кеңесіне (ТЮРКСОЙ), Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына төрағалық ету, сондай-ақ, Еуропалық қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының «тройкасына» қатысу республикамызға әлемдік қауымдастық тарапынан аса назар аударуға себепші болды.

Осыған байланысты Қазақстан ИЫҰ төрағалық ету барысында осы ұйымның құрылымында Адам құқықтары жөніндегі комиссияны құруға бастамашы болғанын атап өту қажет, осылайша халықаралық қатынастар аясында құқықтық қорғау мәселесінің басымдығын бөліп көрсетті.

Өткен жылы Қазақстан адам құқықтарын сақтау туралы баяндамаларын қамтитын міндеттемелерін орындауды жалғастырды. БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетінде Қазақстан Республикасының Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні іске асыру жөніндегі баяндама алғаш рет қорғалды. Еліміз өткен жылы ізгілік қағидаларын басшылыққа ала отырып, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің жиырма жылдығына байланысты рақымшылық туралы» заң қабылдады.

Қазақстанда адам құқықтарын қорғау механизмін жетілдіруге бағытталған тұжырымдамалық жұмыс жүргізілді.

Уәкіл Қазақстанда адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауға кедергі болатын мәселелерді анықтауға, зерттеуге бағытталған тәжірибе, олардың пайда болу себептерін және шешу жолдарын іздестіруді жалғастырады.

Уәкіл мекемесінің жұмысы мемлекеттік органдармен, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдармен тығыз байланыста жүргізіледі. Уәкіл өзінің функцияларын, соның ішінде адам құқықтары саласында тәжірибе және басқа да ақпарат алмасу жүзеге асырылған құқықтық қорғау тақырыптарындағы халықаралық және мемлекетішілік іс шараларға қатысу арқылы іске асырады, сондай-ақ, осы салада маңызды шешімдер қабылданған.

Жеке және заңды тұлғалардың хаттарын қарау елімізде Уәкілдің функцияларын жүзеге асыруға, адам құқықтары мен бостандықтарын сақтауға неғұрлым толық және объективті мониторинг жасауға ықпал ететін негізгі механизмдердің бірі болып отыр.

Жалпы алғанда, бір жылда оның атына 2 539 хат түссе, олардың ішінде поштамен 1 178 келген (соның ішінде электрондық поштамен 132), 1 132 жазбаша хаттар түскен. Жалпы, қазақстандық омбудсменге 3 070 адам хат жолдаған. Былтырғы жылмен салыстырғанда, жазбаша хаттар саны көбейген (1100-нан 1178 дейін), ал ауызша хаттар саны аздап кеміген (278-ден 229 дейін).

Өткен жылы ауызша хаттардың көбі құқық қорғау органдарының әрекеті мен әрекетсіздігіне, тұрғын үй, балалардың құқықтарын іске асыру мәселелеріне қатысты болған. Сондай-ақ, Уәкілдің және мекеме қызметкерлерінің жеке қабылдауында көтерілген мәселелер арасында сот актілерімен келіспеу, еңбек құқықтары, әлеуметтік қамтамасыз ету, денсаулық сақтау мәселелері өзекті болып саналады.

Уәкілге азаматтардың мүддесінде үкіметтік емес ұйымдар хат жолдаған, олардан 79 шағым түскен. Олардың ішінде көпшілігі

Адам құқықтары және заңдылықты сақтау жөніндегі қазақстандық халықаралық бюродан және оның аумақтық өкілдіктерінен (27 хат), «Адам құқықтары жөніндегі қоғамдық кеңес» ҚБ (14), Азаптауларға қарсы коалициядан (12), Қазақстанның діни бірлестіктері ассоциациясынан (4) келіп түскен.

ҮЕҰ хаттарында құқық қорғау органдарының әрекеті мен әрекетсіздігіне, сотталғандардың құқықтарына, азаматтардың жерге, еңбекке, тұрғын үй құқықтарына, сондай-ақ, діни қызмет мәселелеріне байланысты болған. Уәкіл атына азаматтардың мүддесіне өкілдік органдары депутаттарынан 5 хат түскен.

Саны бойынша хаттардың келесі тобы еңбек құқықтарының бұзылуына қатысты (5,2 %), онда шағымданушылар еңбек ақысының уақытылы немесе толық төленбеуіне, жинақтаушы зейнетақы қорына зейнетақылық және әлеуметтік салымдарды жібермеу, еңбек демалысын бермеу, жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігін сақтау саласындағы заңнаманы сақтамауы, жұмыстан босату негіздерімен келіспеуі туралы шағымданады. Шағымдардың осындай санаттарының талдауы жұмысшылардың құқықтарын бұзу және олардың заңды мүдделерін бұзу мәселелері жүйелі сипатқа ие болуын дәлелдейді. Жекелеген жұмыс берушілер еңбек заңнамасының талаптарын назарға алмайды.

Әлеуметтік қамтамасыз ету мәселелері бойынша хаттар дербес топты құрады (6,2 %), олар зейнеткерлерден, мүмкіндіктері шектеулі адамдардан, толық емес, көп балалы отбасылардан түскен және зейнетақы, әлеуметтік төлемдерді тағайындау және төлеу, мүгедектік тобын белгілеу немесе одан бас тарту, жұмыскердің денсаулығына келтірілген зиянның орнын толтыру, материалдық көмек көрсету мәселелерімен байланысты болды.

Тұрғын үй құқықтарын іске асыру мәселелері бойынша хаттар үлесі сол деңгейде қалды деуге болады, олардың саны 88 (4,8 %). Олар әдеттегідей, жергілікті атқару органдарының, құрылыс компанияларының әрекеттері мен әрекетсіздігіне, тұрғын

үй мәселелері бойынша сот шешімдерімен келіспеу, сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан және 2008–2010 жылдарға арналған Мемлекеттік үй құрылысы бағдарламасы аясында үй алу мәселелерімен байланысты болған.

Аталған шағымдардың талдау жағдайы қолайсыз болып қалып отырғанын, сондай-ақ, тергеудің заңсыз әдістері мен заңсыз қарым қатынастары сақталып отырғанын куәландырады. Балалар құқықтарын қорғау мәселелері бойынша хаттардың көбеюі байқалады. Ең көп кездесетін мәселелер – алиментті өндіріп алу туралы сот шешімдерінің орындалмауы, балалардың сапалы медициналық көмек, білім алмауы, тұрғын үй және әлеуметтік қамтамасыз ету мәселелері болып табылады.

Ақшалай берешекті, балаларды асырауға алимент төлеу және жалақы қарыздарымен, қылмыс немесе өндірісте жарақаттану нәтижесінде азаматтардың денсаулығына келтірілген моральдық нұқсан мен материалдық шығынды өндіріп алуға байланысты сот шешімдерінің орындалмауы жөніндегі мәселе өзектілігін сақтауда. Шағымданушылар сот актілерін орындауды созып жіберетін сот орындаушылардың сапасыз жұмысына шағымданған.

Денсаулық сақтау құқығының бұзылуына шағымдар жеке санатты құрайды (2,3 %). Бұл шағымдар сапасыз медициналық қызмет көрсетумен, дәрі дәрмекпен қамтамасыз ету мәселесімен байланысты. Денсаулық сақтау мәселесі бойынша шағымдардың мониторингісі жекелеген медициналық қызметкерлердің өз міндеттерін орындауға немқұрайлықпен қарауын, келген адамдарды уақытылы және толық тексеру жөнінде шара қолданбайтынын көрсетеді.

Уәкілге ақпарат алу құқығын іске асыруға байланысты 24 хат келген. Шағымданушылар көбінесе, қолданыстағы заңнама нормаларын түсіндіруді, сондай-ақ, адам құқықтарын қорғаудың халықаралық механизмдерін түсіндіруді сұрайды. Жекелеген шағымдарда олардың авторлары өздерінің хаттарына мемлекеттік органдардың жауап бермеуін, әртүрлі анықтамаларды алумен

байланысты қиындықтарды, әртүрлі органдарға бірнеше рет хат жолдау қажеттігін атап көрсетеді.

Уәкіл атына жеке өмірге қол сұқпаушылық, жеке және отбасы құпиясы, қадір-қасиетін қорғау құқығының бұзылуы туралы 3 хат келіп түскен. Азаматтар осы хаттарда бейтаныс адамдардың қудалауынан қорғау жөнінде шара қабылдау мәселелерін көтерген, шындыққа жатпайтын ақпаратты мазмұндау бөлігінде телеканалдың әрекеттеріне наразылық білдірген. Уәкіл мекемесі аталған хаттарды қарау аясында өтініш иелеріне өз құқықтарын қорғау жөнінде құқықтық кеңес берген. Осындай хаттар саны бірлестіктер, жиналыстар бостандығын, құқығын бұзу мәселелері бойынша (0,2 %), онда шағымдардың авторлары жергілікті атқару органдарының пикет өткізуге рұқсат беруден бастартуымен келіспейтінін білдірген, құқық қорғау органдарының қоғамдық бірлестік мүшелеріне қатысты заңсыз әрекеттері туралы хабарлаған.

Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық К. «Алға» халық партиясы» қоғамдық бірлестік мүшелерінің қызметін тексеруді жүзеге асырған құқық қорғау органдары қызметкерлерінің заңсыз әрекеттері туралы хатын қарау аясында Бас прокуратураға, Ішкі істер министрлігіне сұратулар жіберілді, олардың жауаптарында жоғарыда аталған фактілер бойынша құқық қорғау органдары қызметкерлеріне қатысты ҚР ҚІЖК 37-бабының 2-тармағының 1-бөлігіне сәйкес қылмыс құрамы болмауына байланысты қылмыстық іс қозғаудан бастарту туралы қаулы шығарылған.

Уәкілдің атына ұлттық белгі бойынша кемсітушілік туралы шағымдар түскен, олардың саны өсе түскен және 14 (0,8 %) құраған. Аталған шағымдардың объектілері жұмыс берушілер, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, сондай-ақ, көршілер. Осы хаттар бойынша жүргізілген жұмыс нәтижесінде аталған фактілер расталмаған.

Тұтынушылар құқығын бұзу туралы хаттар жеке топты құрайды, олардың саны өткен жылмен салыстырғанда айтарлықтай өзгермеген және 19 құрайды. Осы мәсе-

ле бойынша хаттар коммуналдық қызмет үшін есептелген төлем мөлшерлерімен, электр қуаты мен жылу беруді тоқтатумен келіспеуіне байланысты. Аталған санаттағы шағымдардың талдауы коммуналдық қызмет көрсету саласында сапалы қызмет көрсету мәселесі сақталатынын, тұтынушылармен жеткілікті жұмыстың болмауын дәлелдейді.

Хаттардың басқа тобын жалға берушілердің, салық органдарының әрекеттерімен, мемлекеттік сатып алуларды жүргізу тәртібімен келіспеуіне байланысты кәсіпкерлердің құқықтарын бұзу туралы хаттар құрайды (0,9 %). Көптеген жағдайларда тексеру нәтижелері бойынша осы санаттағы хаттарда мазмұндалған фактілер расталмады.

Уәкіл атына мемлекеттің қатысы жоқ заңды тұлғалардың әрекеттеріне шағымдар түсті (2,2 %), оның негізгі бөлігі өтініш иелерінің жеке меншік нысанындағы ұйымдардың еңбек қатынастары саласындағы, құрылыс компанияларының үлестік құрылыс саласындағы, банктердің банктік займдар шарттары бойынша әрекеттерімен келіспеу мәселелерімен байланысты.

Жеке тұлғалар арасындағы қарым-қатынастар мәселесіне қатысты шағымдар саны екі есе көбейген. Осы хаттарда өтініш иелері көршілерінің, бұрынғы жұбайларының әрекеттеріне, материалдық көмек төлеу туралы келісім шарттарын орындамауына шағымданады. Аталған шағымдарды қарау нәтижелері бойынша Уәкіл мекемесі өтініш иелеріне олардың азаматтық құқықтарын қорғау тәсілдерін түсіндірген.

Осылайша, Адам құқықтары жөніндегі уәкілге келіп түскен хаттардың талдауы азаматтардың ұлттық заңнамада, жалпыға танымал халықаралық құжаттарда бекітілген құқықтарын іске асырумен байланысты және тиісті жүйелі шараларды қабылдауды талап ететін мәселелердің болуын куәландырады.

Азаматтар мен заңды тұлғалардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру жөніндегі хаттарын қарау және шешу Уәкілдің негізгі функциясы болып табылады. Түскен

хаттарда және бұқаралық ақпарат құралдарында көрсетілген адам құқықтарын бұзу фактілерін тексеру уәкілетті мемлекеттік органдарға сұрату жіберу не ҮЕҰ өкілдері мен тәуелсіз сарапшыларды тарта отырып, орнына барып бастамашылық тексеру жасау арқылы жүргізілді.

Демек, Уәкілдің сұратуына берілген мемлекеттік органдардың әрбір жетінші жауабы белгіленген талаптар бұзылып ұсынылған, бұл мемлекеттік органдардың қызметкерлерінің көпшілігі омбудсменнің мемлекеттік басқару жүйесіндегі рөлін жеткілікті түсінбейтінін болжауға негіз тудырады, бұл азаматтардың құқықтарын қорғау саласындағы қызметтің тиімділігіне айтарлықтай әсер етеді, және аталған қызметкерлердің кәсіби деңгейінің төмендігін көрсететіні сөзсіз. Халықтың әлеуметтік қауқарсыз топтарына арналған мекемелерге бару арқылы құқықтық қорғау мониторингін жүргізу адам құқықтарын және бостандықтарын сақтауды бақылаудың маңызды тетіктерінің бірі болып табылады.

Уәкіл халықаралық ұйымдармен бірлескен жобалар аясында мемлекеттік органдармен және үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс қимыл жасауда мүгедек әйелдердің құқықтарына, мемлекеттік мекемелерде балалардың құқықтарын қамтамасыз етуге, Қазақстанда ұлттық алдын алу механизмін құруға, Қазақстандағы ең қауқарсыз балалар үшін қорғау ортасын құру, ақпаратқа қол жеткізу құқығын қамтамасыз етуге арналған бірқатар практикалық іс шаралар өткізеді.

Уәкіл өзінің қызметі туралы ережеге сәйкес тексерулер нәтижелері бойынша мемлекеттік органның басшысына азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру үшін тиісті шара қолдану қажеттігіне қатысты ұсыныс жіберуге құқылы. Адам құқықтары жөніндегі Дания институты және Астанадағы ЕЫҚҰ Орталығы арасындағы «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі ұлттық уәкілді (омбудсменді) қолдау» жобасы аясында өткізілген «Қазақстандағы ұлттық алдын алу механизмі: қалыптасу және іске асыру мәсе-

лелері» тақырыбындағы конференцияның қорытындылары бойынша ұлттық алдын алу механизмінің қазақстандық үлгісін әзірлеу кезінде ескеру үшін ұсыныстар әзірленген, олар Президент Әкімшілігіне, Үкіметке, Парламентке, Бас прокуратураға мәлімет үшін жіберілген.

Жоғарыда келтірілген шолу көрсеткендей, Уәкілдің шара қолдану актілерінің көбісі Үкіметке жіберілген, себебі, азаматтардың өзекті мәселелерін мемлекеттік деңгейде шешу қажет болды.

Сыртқы істер министрлігі жанындағы халықаралық, гуманитарлық құқық және адам құқықтары жөніндегі халықаралық шарттар жөніндегі ведомствоаралық комиссияның жұмысына, сондай-ақ, Үкімет жанындағы заң жобалау жұмыстары, кәметке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі, адамдарды заңсыз әкелу, алып шығу, олармен сауда жасауға қарсы күрес жүргізу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиялардың қызметінде Уәкілдің мүддесіне бұрынғыдай, Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың басшысы өкілдік етті.

Жалпы, Уәкілдің жоғарыда аталған консультативтік-кеңестік органдарында және іс шараларға қатысуы аталған органдардың назарын құқықтық қорғау саласында орын алатын мәселелерге және оларды шешу жөніндегі шараларға аудару мақсатында пайдаланылды, бұл адам құқықтары мен бостандықтарына, оларды қорғау түрлері мен әдістеріне қатысты ҚР заңнамасын жетілдіру процесіне әсер етуге, оны жалпыға танымал халықаралық құқықтың нормалары мен қағидаларына сәйкес келтіру мүмкіндік береді, сондай-ақ, ағарту сипатына ие.

Динара МУКАМЕДЕН,
Қазақ Ұлттық Аграрлық зерттеу
Университеті
«Бизнес және құқық» жоғары
мектебінің
«Құқық» кафедрасының
аға оқытушысы
заң ғылымдарының магистрі

ЗАҢ

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
75849

Қазақстан Республикасының Мәдениет,
ақпарат және спорт министрлігінде тіркелген
Күәлік №5702-г, 2005 жыл, 10 ақпан

Жарияланған мақала авторларының
пікірлері редакция көзқарасымен сәйкес келе
бермеуі мүмкін

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы (бұрынғы Мичурин) көшесі, 68 «б» үй.
Телефондар: 8727-2-92-43-43, 8727-2-92-79-61 (факс)

ЖУРНАЛДА ЖАРИЯЛАНАТЫН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- МАҚАЛАҒА ҰСЫНЫС ХАТ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ТҮЙІН ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, МӘТІННІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НҰСҚАСЫ ЖӘНЕ АВТОРДЫҢ ФОТОСУРЕТІ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- ІЛЕСПЕ ХАТТА АВТОРДЫҢ АТЫ-ЖӨНІ, ҚЫЗМЕТІ, ҒЫЛЫМИ АТАҒЫ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ СОҢЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ КӨЛЕМІ 14-КЕГЛЬМЕН ТЕРІЛГЕН 9-10 БЕТТЕН АСПАҒАНЫ ЖӨН;
- МАҚАЛАНЫҢ МАЗМҰНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АВТОР КӨТЕРЕДІ.

Теруге 10.2.2022 ж. жіберілді. Басуға 20.2.2022 ж. қол қойылды.

Пішімі 60x90 1/8. Тапсырыс № 4. Таралым 657.

Журнал айына бір рет жарық көреді.

Журналдың терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң»МК» ЖШС-нің компьютерлік орталығында жасалды. Офсеттік басылым

«Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылды. Алматы облысы, Өтеген батыр кенті,
Сейфуллин көшесі, 2 «в» үй,

Телефондар: факс 8727-2-51-78-27, 8727-2-51-78-31

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ZANMEDIA.KZ

ВСЕ СВЕЖИЕ НОВОСТИ КАЗАХСТАНА

Біздің басылымдарда:

- ✓ өз компанияңыз туралы PR-мақалалар;
- ✓ модульдық немесе, өзге де жарнамалар;
- ✓ кезекті аукцион немесе, өзге де сауда-саттық туралы хабарлама;
- ✓ өз компанияңыздың жылдық балансын немесе қаржылық есептерін жариялауға мүмкіндіктеріңіз бар.

Вы можете:

- ✓ Опубликовать PR-статью о вашей компании
- ✓ Опубликовать модульную или имиджевую рекламу
- ✓ Оповестить об очередном аукционе или проводимых торгах
- ✓ Опубликовать годовой баланс вашей компании или финансовую отчетность

Байланыс телефондарымыз:

Басылымға жазылу құны және оны рәсімдеу мәселелері бойынша:
8 (727) 292 29 27

Жарнама мәселелері бойынша телефондар:
8 (727) 292 29 27, 292 29 92

E-mail: zanreklama@mail.ru

Контактные телефоны:

По вопросам стоимости и оформления подписки и издания:
8 (727) 292 29 27

Телефоны для рекламы:
8 (727) 292 29 27, 292 40 89

E-mail: zanreklama@mail.ru

БАСПАХАНА МЕКЕНЖАЙЫ:

Өтеген батыр кенті, Сейфуллин көшесі, 2В үй.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
«Принт Плюс» ЖШС

Адрес типографии:

пос. Утеген батыр, ул. Сейфуллина, дом 2В.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
ТОО «Принт Плюс»